



Magjan juldzy

6+

Магжан Жұмбаев ауданының газеті

2008 жылдың 11 шілдесінен шығады

№ 14 (813) 4 сәуір 2024 жыл

www.facebook.com/Magzhan zhuldizi https://vk.com/Magzhan zhuldizi e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz

С ПРЕЗИДЕНТ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ШТАБТЫҢ ОТЫРЫСЫН ӨТКІЗДІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Су тасқынына қарсы шараларды үйлестіру және қарын су жүру кезеңінің салдарын жою жөніндегі республикалық штабтың отырысы өтті.



«Биылғы қарғын су ауқымы жағынан соңғы 30 жылдағы ең ірі су тасқыны саналған 2012 және 2017 жылдардағы деңгейден асып кетті. Бұл нәтиже білдіреді? Болжам жұмыстары мүлдем болмаған. Жағдай салалық мамандардың тапшылығынан туындап отыр. Егер әкімдіктер жыл сайын су тасқынына қарсы жоспарланған барлық іс-шараны тиісті деңгейде жүзеге асырғанда, ауа-райы жағдайын ескергеннің өзінде, апаттың салдары мен ауқымы мұншалықты болмас еді. Соған қарағанда, әкімдіктер бұл жұмыстармен айналыспаған. Қазір су тасқынынан төнетін қауіп сөйлісті дегуге келмейді. Сондықтан ішкі істер министрлігінің, Ұлттық ұланнның, Қарулы Күштердің, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің барлық күші мен құралын, оның ішінде кадрлық және техникалық ресурсын барынша жұмылдыру қажет. Сонымен қатар еріктілерді, жәрдем бергісі келетін азаматтарды тарту керек. Алайда, ең бастысы – мемлекеттік органдар. Ахуал көз көлген сәтте ұшығып кетуі мүмкін. Қазіргі басты міндет – адам шығынына жол бермеу. Бұл орайда жіберілген қателіктер мен оқиықтарды ескеруіміз қажет», деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметке, құзырлы мемлекеттік органдарға және облыстардың әкімдеріне бірқатар тапсырма берді.

«Су тасқынынан зардап шеккен адамдарға тиісті барлық көмек көрсетілісін. Бұл мақсатқа Үкіметтің және әкімдіктердің резервін ғана емес, «Қазақстан халқына» қорының қаржысын да пайдалану қажет. Осындай жауапты сәтте еліміздегі бизнес өкілдерін халыққа қол ұсын созуға шақырамын. Апаттан зардап шеккен азаматтарға және аймақтарға барынша қолдау көрсету керек. Бұл – дәл қазіргі кезеңде баршаға ортақ міндет. Қарғын судан қатты шығынға ұшыраған батыс аймақтарда ірі кәсіпорындар көп. «Самұрық-Қазына» қорына қарасты компаниялар, жер қойнауын игерушілер бар. Олар халыққа жәрдем беріп, бүлінген инфрақұрылымды қалпына келтіруге атсалысады деп сенемін», деді Мемлекет басшысы.

Президент су басқан аймақтарда әлеуметтік маңызы бар қызметтер мен азық-түлік бағасының өсуіне жол бермеу мәселесіне Үкімет назарын аударды.

«Су тасқыны мен өртке қатысты жағдай жыл сайын қайталанады. Жауапты органдар мен салалық қызметтердің (Қазушар, Қазгидромет) жобалау, сараптама жасау жұмыстары нашар ұйымдастырылған. Тиісті шаралар, негізінен, жағдай орын алғаннан кейін немесе толыққанды болжам жасалмай қабылданады. Сондықтан бізге дағдарыс жағдайларын болжаудың нақты тетігі өте қажет. Цифрлық даму министрлігі Экология, Су ресурстары және Төтенше жағдайлар министрліктерімен бірлесіп жыл соңына дейін барлық ықтимал төтенше жағдайларды (су тасқыны, өрт және т.б.) модельдеуге, тиісті болжамдар, ұсынымдар мен іс-қимыл жоспарын жасауға мүмкіндік беретін ақпараттық жүйе әзірлеуге тиіс.

Айтпақшы, Үкімет пен жергілікті атқарушы органдар, ең алдымен, облыстардың әкімдері жазғы маусымға да дайын болуы қажет. Өрт немесе басқа да табиғи апаттардың болуы әбден мүмкін. Қазіргідей қамсыз отырмай, алдын ала әрекет ету керек. Су тасқынын көргенде, көктен түскендей абдырап қалдыңыздар. Ең ретте еліміздің шығыс өңірлеріндегі су тасқынын модельдеу жөніндегі ТЖМ мен «Қазақстан Фарыш Салары» ұлттық компаниясының бірлескен жұмыс тәжірибесін қолдануға болады», деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент қарғын суды ауыл шаруашылығы қажетіне жарату үшін жоспар әзірлеу және пәрменді шаралар қабылдауды тапсырды. Оның айтуынша, әкімдіктер еріген қар суын елді мекендерден өзен арналарына немесе тоғандарға бұру жұмыстарын жүргізуі керек.

Мемлекет басшысы Үкімет бекіткен Су ресурстарын басқару жүйесін дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын сыңға алды. Оның пікірінше, тұжырымдаманы жүзеге асыру жөніндегі іс-қимыл жоспары декларативтік сипатқа ие. Құжат су тасқыны салдарынан болатын шығынның алдын алу және азайту мәселесін кешенді түрде шешуге мүмкіндік бермейді. Сондықтан тұжырымдаманы қайта қарау жөнінде міндет жүктелді.

«Құзырлы мекемелер, яғни әкімдіктер, Төтенше жағдайлар министрлігі, Су ресурстары министрлігі бірлесіп жұмыс жасамайды. Жауапкершілік алудан қашады. Жұмысты бір-біріне сілтеп отырады. Жағдай осылай жалғасатын болса, тиісті қызметкерлерді лауазымынан босату қажет. Ең басты критерий – мемлекеттік қызметшілердің тиімділігі. Мемлекеттік органдар және әкімдіктер арасында нақты өрі тұрақты байланыс алгоритмі жоқ. Тиісті министрлік еліміздің табиғи апаттарға дайындығын қадағалап отыруы қажет. Бұл – министрліктің негізгі мақсаты. Осы мәселеге баса назар аудару керек. Министрлік гидротехникалық және басқа да маңызды нысандардың жағдайын тексеріп, шынайы мәлімет беріп отыруға тиіс», деді Президент.

Мемлекет басшысы су тасқыны мәселесі бойынша халықаралық тәжірибені, өзге елдердің қарғын суды қалай игеретінін мұқият зерттеу қажет екенін айтты.

Жиын барысында Қасым-Жомарт Тоқаев елімізде су ресурстарын, ирригация салалары бойынша техникалық мамандардың тапшылығына назар аударды. Осыған қатысты Үкіметке шұғыл түрде шешім қабылдауды тапсырды.

«Тағы да қайталап айтамын. Тасқынның алдын алу ісіне әрбір лауазым иесі тікелей жауап беруге тиіс. Сіздердің

жұмыстарыңызды нөмкүрайлы және кәсіби міндетке сай келмейді деп бағаладым. Соның салдарынан азаматтарымыз үлкен материалдық шығынға ұшырады. Олар денсаулығы мен әл-ауқатына зиян келтіретін тұрмыстық қолайсыздықтарға тап болды. Әрине, мемлекет шығынды өтеу үшін шаралар қабылдайды. Азаматтарға айтарым, алаңдамаңыздар. Мемлекет, сондай-ақ кәсіпкерлер барлық шығынды өтеп береді. Бірақ қаржылық және саяси шығындар орасан зор. Оны да ескеру керек. Сондықтан Үкіметке жүктелер жұмыс көп. Қысқасы, талап қатаң болады», деді Президент.

Отырыс барысында Премьер-министр Олжас Бектенов, Төтенше жағдайлар министрі Шығыс Әрінов, Ақтөбе облысының әкімі Асхат Шахаров, Батыс Қазақстан облысының әкімі Нариман Төреғалиев, Қостанай облысының әкімі Құмар Ақсақалов, Шығыс Қазақстан облысының әкімі Ермек Көшербаев, Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев, Ақмола облысының әкімі Марат Ахметжанов, Солтүстік Қазақстан облысының әкімі Ғауез Нұрмұханбетов, Ұлытау облысының әкімі Берік Әбдіғалиұлы және Абай облысының әкімі Нұрлан Ұрханбаев баяндама жасады.

Дана МЫРЗАҚАДІР

ЗАҢ ЖӘНЕ ҚОҒАМ

БЕЙБІТ ЖИНАЛЫСТАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ



2020 жылғы 25 мамырда Қазақстан Республикасының Парламентінде «Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы» Жаңа заң (бұдан әрі - Заң) қабылданды.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 32 бабында бейбіт жиналыстарды: митингтерді, демонстрацияларды, шерулерді, пикеттерді ұйымдастыру, оларға қатысу құқығына кепілдік берілген. Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу нормативтік-құқықтық актілермен, соның ішінде жоғарыда көрсетілген заңмен қатаң реттеледі.

Жаңа заңда бейбіт жиналыстар қағидаттары қарастырылған, ұғымдық

аппарат әзірленді, митинг, пикет өткізу, шеру және т. б. не екені түсіндірілді.

Жаңа заң бойынша бейбіт жиналыстар өткізуге хабарлама құқығы көзделген, ал бұрынғы нормативтік-құқықтық актіде митингтер өткізуге жергілікті атқарушы органдардан рұқсат талап етілген. Бұл ретте хабарламаларды қарау және беру мерзімі қысқартылды, енді олар 3 жұмыс күнін құрайды.

Заңның 14 бабында бейбіт жиналыстар өткізуден бас тарту үшін негіздердің толық тізбесі жазылған. Бұл ретте мемлекеттік органның іс-әрекетіне шағым жасалуы мүмкін.

Заңның 1 бабында «бейбіт жиналысты ұйымдастырушы» ұғымы берілген, ал

Заңның 5 және 6 баптарында бейбіт жиналысты ұйымдастырушы мен олардың қатысушыларының құқықтары мен міндеттері бекітілген.

Бұл ретте, мемлекеттік органдарға бейбіт жиналыс өткізуге жәрдем көрсету жөніндегі міндеттер жүктелген.

Жаңа нормативтік-құқықтық актіде жергілікті атқарушы органдардың бейбіт жиналыстар өткізуге арналған арнайы орындарды міндетті түрде белгілеуі қарастырылған, бұл жергілікті атқарушы органдарды осы орындардың тізілімін жүргізуге міндеттейді.

Магжан Жұмбаев ауданының прокуратурасы.

Өңір зәрулігі – су тасқынының алдын алу



Премьер-министр Олжас Бектенов Мемлекет басшысы тапсырмаларының орындалу барысымен танысуға Солтүстік Қазақстан облысына жұмыс сапарымен келді. Үкімет басшысы бағдарлама аясында коммуналдық-энергетикалық сектор және жол инфрақұрылымы нысандарының, сондай-ақ бірқатар жеңіл және өңдеу өнеркәсібінің, атап айтқанда, ауыл шаруашылығы машина жасау кәсіпорындарының жұмысымен танысты.

Жұмыс сапары барысында өңірдегі су қоймаларының жай-күйі мен су тасқынына қарсы іс-шараларды сапалы әрі уақтылы жүргізу жұмысына ерекше назар аударылды. Солтүстік Қазақстан облысы су тасқыны қаупі бар аймаққа кіреді. Облыстың негізгі су көзі – Есіл өзені үш су қоймасы: Астана, Сергеев және Петропавл су тораптарымен реттеледі.

Үкімет басшысы Петропавл су торабына барып, су қоймасының ағымдағы жағдайын тексерді. Қазіргі уақытта ол қалыпты жағдайда және штаттық режимде жұмыс істеп тұр. Су тасқыны кезеңінде су қоймасы алгоритміне сәйкес жұмыстың «транзиттік режиміне» ауыстырылады және тасқын сулардың өтуіне әсер етпейді. Сонымен қатар Олжас Бектенов өткен жылдың сәуір айында шамадан тыс толып кеткен Сергеев су қоймасының жағдайына назар аударды.

«Су қоймалары бар Сергеев және Петропавл су тораптары – республикалық меншіктегі су шаруашылығы құрылыстарының тізбесіне енгізілген және ерекше стратегиялық маңызы бар су шаруашылығы құрылыстары. Сергеев су қоймасындағы жиналған судың көлемі 82%-ды құрайды. Бұл жерлерде саяжай уақселерін ерекше назарда ұстауды тапсырамын», деп атап өтті Премьер-министр.

«Қазушар» РМК облыстық филиалының директоры Шұғайып Ибатуллиннің айтуынша, осы кезеңде Сергеев және Петропавл су тораптары штаттық режимде жұмыс істеп тұр. Алайда автожолдағы көпірлердің жекелеген конструкциялары апатты жағдайда. Осыған байланысты өзге баламалы жолдар арқылы көлік ағынын қайта бағыттау мәселелері қарастырылып жатыр. Жалпы, өңірде су тасқыны қаупі бар 87 елді мекен есепке алынды. 24 қаңтардан бастап облыс күшейтілген дайындық режиміне ауыстырылды, 26 наурыздан бастап Жедел штаб жұмылдырылды.

Премьер-министр облыс әкімдігіне жоспарланған барлық алдын алу іс-шарасын аяқтауды, ал ТЖМ-ға тасқын қаупі күшейген жағдайда күш пен техниканы жұмылдыруды тапсырды.

Сонымен қатар «Қызылжар сүт» ЖШС заманауи сүт кешеніне барған Үкімет басшысы «ақылды ферма» жұмысының технологиялық үдерісін қарап шықты. Кәсіпорында малға жем-шөп беру мен күтім жасаудан бастап сүт алу және өңдеу дейінгі барлық үдеріс толығымен автоматтандырылған. Үш жыл ішінде мал басы 2 еседен астам өсті (2020 жылы 720 сиырдан 2023 жылы 1 502 басқа дейін). Өткен жылдың қорытындысы бойынша кешен 6 мың тоннадан астам сүт өндіріді.

Премьер-министрге осы жобаны іске асыру аясында СҚО-да барлығы 18 сүт фермасының құрылысы жалғасын жатқаны баяндалды. Оларды қаржыландыруға республикалық бюджеттен 17 млрд теңге бөлінді. Фермаларды іске қосу өңірде сүт өндіру көлемін жылына 690 мың тоннаға дейін, ал дайын сүт өнімдерін өндіру көлемін 215 мың тоннаға дейін ұлғайтуға мүмкіндік береді деп күтіледі. Алдын ала деректер бойынша, бұл республикадағы барлық көлемнің 25%-ын құрайды.

Келесі нысан сүтті қайта өңдеу саласындағы отандық жетекші кәсіпорындардың бірі – «Масло-Дел Петропавловск» ЖШС болды. Өндіріс 20 жылдан астам уақыт бойы табысты жұмыс істеп келеді. Өткен жылы 104,8 мың тонна дайын сүт өнімі немесе еліміздегі жалпы көлемнің 11,5%-ы өндірілді. Сапар барысында дайын ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу және экспорттау көлемін одан әрі арттыру әлеуеті зор екені атап өтілді. Үкімет өз тарапынан өңдеуге тапсырылған ішкі сүт үшін, ал сүт өңдеу кәсіпорындарына өндірілген сары май мен ірімшік үшін субсидиялар беру арқылы дамуға жәрдемдесуде.

«Avagro» ЖШС кәсіпорнында Премьер-министр ауыл шаруашылығы техникасын шығару үдерісімен танысты, бұл әсіресе көктемгі егіс жұмыстарының басталуы қарсаңында өзекті. Еске сала кетейік, 26 наурыздан өткен Үкімет отырысында Олжас Бектенов егіншілер қолданатын техниканың тозығы жеткені туралы мәселе көтерді. Қазір бұл көрсеткіш 75%-дан асады. Ауыл шаруашылығы техникасын жанартауда дикандарға қолдау көрсету туралы тапсырмалар берілді.

Мемлекет басшысының тапсырмасымен қарымдандыру мәселелері қолдана отырып, тек отандық өндірістерге ауыл шаруашылығы техникасының жеңілдетілген лизингіне 450 млрд теңге бөлу жоспарланған отыр.

«Азық-түлік қауіпсіздігі мәселесін шешумен мықтап айналысу қажет. Мемлекет басшысы Қазақстан халқына Жолдауында АӨК өнімінің үлесін 70%-ға дейін жеткізе отырып, терең өңдеуді дамыту қажеттігін атап өтті. Табысты отандық бизнес – бұл ең алдымен, сөрелердегі отандық өнімдер және жұмыс орындары. Бүгінде ішкі нарықта импортталған сүт өнімдері бар. Алайда біздің зауыттар қажетті нәрсенің бәрін өздері өндіре алады, бұл үшін мүмкіндіктер бар», деді О.Бектенов.

АӨК нысандарын аралау кезінде Премьер-министрге көктемгі егіс жұмыстары, атап айтқанда, пайдасы жоғары майлы және жемшөп алқаптарын ұлғайтуға баса назар аудару отырып, ауыл шаруашылығы

дақылдарының егістіктерін әртарап тандыру туралы баяндалды. Өңір суармалы егіншілікте су үнемдеу технологияларын қолдануды кезең-кезеңмен ұлғайту, мұндай алқаптарды 2028 жылы 17,9 мың гектарға дейін жеткізуді жоспарлан отыр.

Сондай-ақ «Севказэнерго» АҚ-ның Петропавл 2-ЖЭО-сын аралау кезінде тұрғындарды жылу энергиясымен сапалы және үздіксіз қамтамасыз ету мәселесіне назар аударылды. Петропавл 2-ЖЭО жабдығының 57,3%, Солтүстік-Қазақстан ЭТК жабдығының 96,6%, жылу желілерінің 77,5%-ның тозығы жеткен, қазіргі таңда жаңғырту жұмыстары жүргізіліп жатыр. 2024 жылы инвестициялық және жөндеу науқаны аясында Петропавл 2-ЖЭО-да 17,6 млрд теңгенің жұмыстарын жүргізу жоспарлануда. 2027 жылға дейін 739 шақырым электр желілері мен 240 қосалқы станса салу үшін жыл сайын бюджеттен 4 млрд теңгеден қаражат бөлу көзделіп отыр.

«Күзгі-қысқы кезеңнің қалыпты өтуі, сондай-ақ халықты жылу және электр энергиясымен тиісті деңгейде қамтамасыз ету – ерекше бақылауда. Стансада жоспарланған жөндеу жұмыстарын уақтылы және толық орындап, жыл соңына дейін жаңа түтін мұржасының құрылысын аяқтау қажет. Үкімет тарапынан ең маңызды жобаларды қаржыландыру бойынша қолдау көрсетілді», деді О.Бектенов.

Петропавлдағы Универсальная көшесі бойындағы жол өтпесінің құрылысы алаңында Үкімет басшысына жұмысы кентінен қаланың орталық бөлігіне шығатын жалғыз жол өтпесінің апатты жағдайда болуына байланысты өткен жылы оған жапсарсыз көпірдің құрылысы басталғаны туралы баяндалды. Жаңа жоба 1961 жылы салынған жол өтпесіндегі жүктемелі азайтып, кейіннен күнделікті қозғалысты тоқтатпай, күрделі жөндеу жүргізуге мүмкіндік береді. Жалпы, жаңа жол өтпесінің ашылуы ірі көлемді жұмыс қозғалысын жаңа көпірге бағыттап, сондай-ақ ескі көпір арқылы жеңіл көліктер мен автобустардың еркін қозғалысын қамтамасыз етуге жол ашды.

Сонымен қатар Үкімет басшысы Солтүстік Қазақстан облысының өнеркәсіптік әлеуетімен танысуға өңірдің байырғы кәсіпорындарының бірі, ғасырлық тарихы бар С.М.Киров атындағы зауытты аралаудан бастады. Отандық машина жасау саласындағы қолбасшылардың бірі болып саналатын зауытта электронды жабдықтарды әзірлеу мен өндірудің толық циклі қамтылған. Осы жылдың екі айында өндіріс көлемі 9,5%-ға өсіп, 193,7 млн теңгені құрады. Зауытта 487 адам жұмыс істейді. Бұдан басқа, отандық кәсіпорында шығарылатын «Lenovo»

серверлерін құрастыруға индустриялық сертификат алынды. Тағы бір сұранысқа не өнім – электронды компоненттерді орнатуға арналған 5+ дәлдік класындағы 16 қабатты баспа платасы.

Премьер-министр қорғаныс және азаматтық мақсаттарға арналған жоғары технологиялық өнімдердің әрқалы түрлерін дайындау үдерісін егжей-тегжей танысты. Сонымен қатар желіні кеңейту бойынша алдағы жоспарлар туралы хабардар етілді.

Олжас Бектенов Петропавл ауыр машина жасау зауытының технологиялық жаңғырту нәтижесімен де танысты. Мұнда мұнай-газ, энергетика және теміржол салаларында қолданылатын өнімдердің кең желісі шығарылады. Бұдан бөлек, зауыт мемлекеттік қорғаныс тапсырыстарын орындайды.

«Мемлекет басшысы Қазақстан халқына Жолдауында қорғаныс-өнеркәсіп кешенін жан-жақты нығайту елдің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуде шешуші рөл атқаратынын атап өтті. Локализация-лау деңгейі жоғары әскери мақсаттағы өнімдерді өндіру циклін құру импортқа тәуелділікті азайтуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар кәсіпорынның мүмкіндіктерін теміржол және мұнай-газ саласындағы қажеттіліктерді қамту үшін пайдалану керек», деп атап өтті О.Бектенов.

Келесі нысан мұнай өнеркәсібіне арналған сорғыш стангалар шығаратын «Мұнаймаш» АҚ кәсіпорны болды. Ішкі нарықтағы үлесі 90% болса, локализация деңгейі 65-тен 75% дейін құрайды. Үкімет басшысы өндіріс қарқынын ұлғайтып, терең ұңғымалар сорғыларының импортынан толық бас тарту үшін мұнай-газ саласындағы ірі кәсіпорындармен өзара іс-қимылды нығайту жолдарын қарастыру керектігін атап өтті. Бүгінде Үкімет пен бизнестің алдында отандық зауыттарды өндіретін өнім номенклатурасын кеңейту арқылы еліміздің құндылықтарын үлесін жыл сайын ұлғайту бойынша ортақ міндет тұрғаны баса айтылды.

Полипропилен ыдыс шығаратын ірі кәсіпорындардың бірі «Smbgroup Family» ЖШС-ында Олжас Бектенов еліміздің жеңіл өнеркәсібінің әлеуетін арттырып, сыртқы нарыққа шығу қажет екеніне тоқталды. Отандық өндірістің контейнерлері әртүрлі жүк түрлерін тасымалдауға, сақтауға, тасымалдауға арналған, сонымен қатар өнеркәсіп пен логистикада кеңінен қолданылады. Биыл екі айда ғана жалпы құны 580 млн теңгенің өнімі өндіріліп, өндіріс көлемі 13,8%-ға өсті.

Бұдан бөлек Премьер-министр «Солтүстік фанер комбинаты» ЖШС жұмысымен танысты. Кәсіпорын отандық нарықтық ламинатталған фанерге деген қажеттілігінің 22%-ын қамтамасыз етеді. Ол ірі қалалардағы құрылыс алаңдарында қолданылады және шетелге де экспортталады. Былтыр өндіріс көлемі 4,3 млрд теңгені құрап, 2022 жылдың қорытындысымен салыстырғанда 32,6%-ға өсті.

«РимҚазАгро» ЖШС қағаз өнімдері зауытында Олжас Бектеновке макулатураны қайта өңдеудің белгіленген циклі көрсетіліп, қалалардан одан әрі дамыту жоспарлары туралы баяндалды. Фабрика 30-дан астам өнім түрін шығарады, олар еліміздің барлық өңіріне жеткізіліп, сондай-ақ Ресейге де экспортталады. Кәсіпорын алдына халық тұтынытын тауарлардың экспортын ұлғайтып, ішкі нарықтағы үлесі әрі қарай ұлғайту міндеті жүктелді. Мемлекет пен отандық бизнестің белсенді ынтымақтастығының жаңа түрлері қарастырылды.

Нысандарды аралап шыққан Премьер-министр мемлекет өңдеу өнеркәсібінің және халық тұтынытын тауарлардың кең номенклатурасын дамытуға ерекше назар аударып отырғанын атап өтті. Бұл ретте отандық өнімнің сапасына ерекше мән беру қажет. Ол үшін бизнес үздіксіз дамып, жаңа өндірістерді де игеруге тиіс. Өз кезегінде Үкімет тарапынан қажетті қолдау көрсетіледі.

Жақсыбай САМПАТ.

ҚАУІП ӘЛІ СЕЙІЛГЕН ЖОҚ

2 сәуір күні өткен Үкімет отырысында еліміздегі су тасқыны жағдайы талқыланып, салдарын жою жөніндегі іс-қимылдарды үйлестіру шаралары жалғасып жатқаны айтылды.

Дегенмен су тасқыны жағдайы күрделі болып отыр. Батыс өңірлерде судың шамалы төмендеуі байқалғанымен, орталық, шығыс, солтүстік бөліктерінде өзендердің деңгейі қарқынды көтеріліп келеді. 5 облыс су басу аймағында қалып отыр, осыған орай жергілікті ауқымдағы 20 төтенше жағдай жарияланған. Болжамға сәйкес, 2024 жылғы 1-10 сәуірде Қазақстан аумағының басым бөлігінде ауа райының тұрақсыздығы күтіледі. Жауын-шашын нормаға жақын болмақ. Республиканың теріскей жақтарында түнгі уақытта жауын-шашын қарға ауысып, ал күндіз жаңбыр жауады.

«Бүгінгі таңда Қазақстан аумағының 27 пайызы қар жамылған. Жазық жерлердегі өзен бассейндерінде су қорының көлемі азайды. Су тасқынының ең көп көлемі Ақтөбе, Батыс Қазақстан облыстарының және Қостанай облысының оңтүстік бөліктеріндегі өзендерде болмақ, алайда су тасқыны қауіпі сақталып отыр. Шығыс Қазақстан, Абай, Қарағанды, Ұлытау, Ақмола, Солтүстік Қазақстан облысы өзендерінде және Қостанай облысының солтүстік жартысында су деңгейінің көтерілуі және қауіпті көрсеткіштердің артуы байқалады», — деді үкімет отырысында Экология және табиғи ресурстар министрі Ерлан Нысанбаев.

Облыстық төтенше жағдайлар департаменті бастығының орынбасары Мурат Қанғожинов өткізген шұғыл кеңесте Ақжар ауданындағы Шат өзені «тентек мінез» көрсетіп, Талшық ауылындағы шеткері үйлерді су шайған. 22 адам мен мал дереу қауіпсіз жерлерге көшірілген. Арнайы техникалар түні бойы «тілсіз жаумен» арпалысып, қатердің алдын алған. Бұдан бөлек, 4 ауылда су басу ықтималдығы жоғары. Олар — Дәуіт, Құлықөл, Ашықөл, Ленинград елді мекендері. Еріген қардың суы Ақмола облысынан Тайынша ауданына жетіп, біраз өбегіре салған. Бірақ тасқында қарсы 2017 жылы тұрғызылған ұзындығы 6 шақырым бөгеттің көп пайдасы тиген. Шағалалы өзенінде мұз жару жұмыстары

жүргізілген. Бір екіншісі, автожолдарды судың шаюы жиілеп барады. Осындай 12 факт тіркелген. Оның жартысына жуығы аудандық маңызды жолдарға тиесілі. 8 учаскеде жағдай тұрақталған. «Қазгидромет» РМҚ СҚОФ директоры Қымбат Мерғалимованың болжамы көңіл көншітпейді. Оның айтуынша, алдағы уақытта қар аралас жаңбыр жауады, көктайғақ болады. Желдің екпіні күшейіп, секундына 15-20 метрге жетпек. Күннің жылуы 7-13 градусқа дейін көтеріледі.

Жағдайдың өлі де күрделілігі ескеріліп, Түркістан облысынан 54 адамнан тұратын құтқарушылар тобын шақыру жөнінде шешім қабылданыпты. Олар қажетті техникаларды бірге ала келмек.

Сергеев су қоймасы күнде тексеріліп тұрады. Мұндағы су мөлшері 85 пайызға жуықтаған. Астана қоймасынан су жіберілсе, Есіл өзені арнасынан күрт асуы ықтимал.

Қызылжар ауданы Прибрежное ауылы тасқынға қарсы тосқын шараларына мұқият дайындалуда. Ол туралы өңірде жұмыс сапарымен болып, су тасқыны барысымен танысқан Парламент Сенатының депутаты Әсел Рахметова әлеуметтік желідегі жеке парақшасында жазды.

«2017 жылғы су тасқыны тұрғындарды үлкен өбегірге түсіргені есімізде. Биыл бұл елді мекенде арнайы бөгет қойылыпты. Ұлттық ұлан академиясының курсанттары да өздерінің қол ұштарын беріп, инертті материалдар тасуда. Үйлерінен жырақта жүрген жас жігіттер тұтас ауылдарды қарғын судан сақтауға барын салуда», — дей келіп, аудан орталығы Бескөл кентінде болғанын айтқан. Елді мекенде су сорғыштар үздіксіз жұмыс істеп, еріген қар суы сыртқа шығарылууда.

Сенатор аудандық әкімдіктерілер, жауапты мамандар бір адамдай бірігіп, ауылдарды судан қорғаудың маңыздылығын атап өткен.

Әмір ЕСҚАЛИ,
«Soltustik Qazaqstan»

Облыс әкімі Ғауез Нұрмұхамбетов су басу қауіпі бар аймақтарды тікұшақпен бақылады.

ЖАҒДАЙ ЖІТІ БАҚЫЛАУДА



Су тасқыны болу қауіпі басым аудандар қатарына Ғабит Мүсірепов, Шал ақын, Айыртау және Тимирязев аудандары кіреді. Бұл аудандарда қар әлі қалып, белсенді түрде еріп жатқан жоқ. Оған қоса, кіші өзендер мен су өткізу құбырларында мұз кентелісі орын алуы мүмкін.

Ақжар, Тайынша және Уәлиханов аудандарында да жағдай күрделі. Астана мен Ақмола облысының су қоймаларынан көп мөлшерде су келеті деп күтілуде.

«Өңірде қар қалып жауандықтан, су басу ықтималдылығы жоғары. Қазір тасқынды енесерте барлық ресурстар жұмылдырылып, күштер мен құралдар тобы құрылды, техника дайындалды. Өңірдегі өзендерде жарылыс жұмыстары жүргізіліп, эвакуациялау пункттері таланка сай жабдықталды. Инертті материалдар, қаптар, жанар-

жағармай және жүзу құралдары жеткілікті. Жағдай менін жеке бақылауымда», — деп жазды өңір басшысы әлеуметтік желіде.

Өңір басшысы облыс орталы-ғындағы су тасқыны жағдайын да бақылап, Жұмысшы кенті, Косогор, Ойқала, тағы басқа учаскелерде болды. Бүгінде барлық қызметтер күшейтілген жұмыс режиміне көшірілген. Су сору техникалары мен мотопомпалар тәулік бойы жұмыс істеуде.

«Петропавл қаласының басшы-лығына үйлерге су кірмес үшін қажетті шараларды қабылдауды тапсырды. Желел түрде ерекет ету жөніндегі қалалықтардың өтініштері орынды. Жағдайды үнемі тексеріп тұратын боламын», — деді Ғауез Торсанұлы.

Облыстық әкімдіктің баспасөз хатшысы.

СЕМИНАР-КЕҢЕС

ЕСКІ ӘДІСЕН ЕГІН ЕГЕТІНДЕР КӨП

Облыс орталығында 2024 жылғы көктемгі дала жұмыстарын сапалы өткізу туралы семинар-кеңес өтті. Жиынағандар басшысы Ғауез Нұрмұхамбетов, Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаров, аудан әкімдері, өңір диқандары, ғалымдар мен сала мамандары қатысты. Семинар-кеңесті ашқан облыс әкімі өңірдегі егіс науқанына дайындықтың маңыздылығын атап өтті. Кейін Айдарбек Сейіліұлы елдегі агроөнеркәсіптік кешеннің дамуы туралы баяндама жасады. Өз сөзінде министр өткен жылдың шаруалар үшін оңайға соқпағанын, бұл бұл жағдай қайталанбауы үшін тиісті шаралар қабылдануы керек екенін жеткізді.



«2024 ЖЫЛҒЫ КӨКТЕМГІ ДАЛА ЖҰМЫСТАРЫН ҮЙІМДАСҚАН ТҮРДЕ ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ»
СЕМИНАР-КЕҢЕС

СЕМИНАР-СОВЕЩАНИЕ
«ОБ ОРГАНИЗОВАННОМ ПРОВЕДЕНИИ
ВЕСЕННЕ-ПОЛЕВЫХ РАБОТ 2024»

6-40 пайыз аралығында. Министр елдегі ветеринария мен фитосанитарияның да кенже қалғанын айтты. Оның сөзінше, бұл салалардағы жағдай оңалмаса, отандық өнімді экспорттау қиындыққа тап болуы мүмкін.

Аталған мәселелерді шешу үшін жол картасы әзірленген. Мамандар өңірлердің климат жағдайын, өнімді өткізу жолдарын ескере отырып, жоспарлы жұмыстар

жүргізуде. Кейін облыс әкімінің бірінші орынбасары Марат Тасмағанбетов баяндама жасап, өңірдегі егіс науқанына дайындық жұмыстары жайлы айтты.

Биыл өңірде 4,5 млн. гектарға тұқым себіледі. Оның ішінде дөңді және бұршақты дақылдар 3,4 млн., майлы дақылдар 751 мың, жемазықтық дақылдар 379 мың, картоп 26, көкөніс 5 мың гектар.

Жүргізілген талдаулар жерге қажетті жауын-шашын жауғанын көрсетті. Ұлғалдың мол болуы егіс науқанына қолайлы жағдай туғызып отыр. Биыл 256 мың тонна минералды тыңайтқыш себу мекесі қойылды. Осылайша біз 2028 жылға дейін ғалымдар ұсынған деңгейге жетеміз. Тыңайтқыш сатып алу бойынша жұмыстар Жамбыл, Уәлиханов, Ақжар, Ғабит Мүсірепов атындағы аудандарда төмен. Өңірде су үнемдеу технологиясының көмегімен суармалы алқаптар үлесін арттыру қолға алынды. Биыл суару ауданы 9,4 мың гектарға жеткізіледі. Есіл өзенінің мол су қорына қарамастан біз өз әлеуетімізді тиімді пайдалана алмай отырмыз», — деді Марат Иманбайұлы.

Өңір басшысының бірінші орынбасары шөп дайындаудағы түйткілдерді де атап өтті. Мал азықтық шөптердің шектік 7-8 жыл мерзіміне қарамастан, өз шабындықтарын 20 жылдан астам уақыт бойы жаңартпай келе жатқандар бар екен. Уәлиханов ауданындағы мал азықтық алқаптардың 90 пайызы ескірген. Құрамында ақуыз бен протеині мол кей дақыл түрлері мүлде есірілмейді. Осының бәрі биыл қыста бірнеше ауданда жемшөп талшылығын, қымбаттауын туғызды.

Жыын барысында Аққайың ауданының әкімі Рүстем Елубаев сөз алып, аудандағы көктемгі егіске дайындық жұмыстары туралы баяндады. Кейін А.И.Бараев атындағы астық шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығының директоры Тимур Савин мамандар ұсынған үздік сорттар туралы айтып берді. Солтүстік Қазақстан ауыл шаруашылығы тәжірибе стансасының директоры Виталий Заика өңірдегі ауа райы туралы болжамдарын айтып, түрлі дақыл түрлерін егу бойынша кеңес берді. «Атамекен-Агро» кәсіпорнының басқарма төрағасы Кинтал Исламов агроқұрылымның егіс науқанына дайындығы, саладағы мәселелер туралы ойымен бөлісті. Аң Омбы аграрлық ғылыми орталығы директорының орынбасары Павел Поползухин орталықтың ғылыми жетектері мен қазақстандық шаруалармен байланысы жайлы баяндама жасады. Жыын қатысушылары өз тәжірибелерімен бөлісіп, сауалдары мен ұсыныстарын жолдады.

Диас АЯҒАН,
«Soltustik Qazaqstan».

— Мемлекет басшысының тапсырмасына сай 5 жылда ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемін 2 есеге арттыру үшін аталған салаға қатысты бірқатар кәдесулер өтті. Оның нәтижесінде ауыл шаруашылығы саласында жүйелі мәселелер анықталды. Соның біріншісі — статистикалық деректердің бұрмалануы. Көп жыл бойы әртарапталдырудың тек қағаз жүзінде жүргізіліп келгенін мойындауымыз керек. Бүгінде бұған жол бермеу үшін арнайы топ құрылып, солтүстік облыстарда жұмысын бастады. Екіншіден — агротехнологияны қолданудың төмен деңгейі. Атап айтқанда, тыңайтқыштарды қолданудағы қажеттіліктің 21 пайызы ғана орындалуда. Ұсынылған ауыспалы егіс ережелері сақталмайды, егілетін тұқымның сапасы нашар. Элиталық тұқымның үлесі төмен, бидайдан басқа дақылдар бойынша шеттен келетін тұқымға тәуелдіміз. Көкөніс тұқымдары түгел дерлік сырттан жеткізіледі, — деді Айдарбек Сейіліұлы.

Ауыл шаруашылығы министрінің сөзінше, техниканы жаңарту мәселесі де өзекті. Жыл сайын технопаркте тек 4 пайызы ғана жаңартылады. 2,2 млн. гектар суармалы алқапты пайдалану мүмкіндігіне қарамастан, іс жүзінде тек 1,5 млн. гектар алқапта суармалы едіс қолданылады екен. 30 жылда су үнемдегіш технологиямен жабдықталған алқаптар көлемі 312 мың гектарға ғана жеткен. Соның салдарынан шығымдылық төмендеп, өнімнің өзіндік құны жоғарылаған. Сол себепті жергілікті ауыл шаруашылығы өнімдерінің нарықтағы бәсі төмен. Көрсі елдің тауарымен бәсекелесу үшін шаруалар астық өнімділігін гектарына 20 центнерге жеткізуді керек.

Айдарбек Сапаров мал шаруашылығы саласында да түйткілдер бар екенін атап өтті.

Бүгінде елдегі ірі қараның орташа салмағы, сүттілігі басқалармен салыстырғанда айтарлықтай төмен. Оған негізгі себеп мал азығының дұрыс дайындалмауы, жануарлардың генетикалық потенциалының төмендегі, қаржыландырудың аздығы. Тағы бір мәселе өңірде кәсіпорындарының толық қуатында жұмыс істемеуі. Мысалы, қант зауыттары шикізаттың жетіспеушілігінен тек 6 пайыз қуаттылықта жұмыс істеп тұр. Өзге кәсіпорындардың қуаттылығы

МАРАПАТ

ЕЛ ЧЕМПИОНЫ - СҰҢҚАР ЗАРАПҚА ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ



Алматы облысының Қарсақ ауданында (Қызылқаласы) 16-26 наурыз аралығында өткізіліп, еркін және жіктер күресінен 17 мен 23 жасқа дейінгі сәтіншіліктер арасында ел чемпионының өкілі. Бірінші чемпионатта жалпы есебі 1563 баллмен бақ санынан. Бұл еліміздің жарыстырдығы жаңа рекорд қалды. Жалпы Қазақстан біріншіліктегі бастау мақсаты - жыл сайын аталған жас ерекшеліктері бойынша өткізіліп, Азия және әлем чемпионаттарына қатынасады.

Аталмыш додаға 16 спортшыдан құралған біздің облыстың құрамасы да аттанып, соның ішінде ауданымыздан 48 келіге дейінгі салмақта Қараоға ауылының тумасы Сұңқар Зарап қатысты.

Мағжандықтар балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің жаттықтырушы-оқытушысы Жаксылық Аленов баптайтын 2022 жылғы ел біріншілігінің қола жүлдегері, 2023 жылғы ел чемпионы, 2023 жылы Иорданияның Амман қаласында өткен Азия чемпионатының қола жүлдегері Сұңқарға үлкен үміт артқаны жасырын емес.

Сонымен жеке бапкерінің айтуынша, біздің балуанымыз бірінші кездесуде алматылықпен күрестіп, оны 12:4 есебімен жеңіп, екінші және үшінші кездесулерде Астана және Маңғыстау облысының балуандарына қарсы шығып, екеуін де 8:0 есебімен сенімді ұтқан. Финалға шығу үшін төртінші кездесуде мағжандық жас орен Жамбыл облысының балуанымен белдесіп, нәтижесінде 9:0 есебімен жеңіске жеткен.

Осылайша, ақтық сында біз Ақтөбеден келген әлем чемпионатына қатысқан тәжірибелі жас балуанмен кездесіп, белдесу өте тартысты өтті. Финалдық кездесуде Сұңқар 7:0 есебімен ұтылып жатып, 4 ұпай иеленді. Содан кейін жеке-жектің соңына дейін 7 секунд қалғанда тағы да 4 ұпайлық әдіс жасады. Нәтижесінде 8:7 қорытынды есебі тіркеліп, Сұңқар - Қазақстан чемпионы атанды.

Енді 4-20 сәуір аралығында Сұңқар Зарап Түркістан облысында (Ленгер қаласы) оқу-жаттығу жиындарына қатысады, содан кейін Қазақстан Республикасы құрамымен бірге Испанияда өтетін Халықаралық турнирге аттанады. Сондай-ақ биыл Сұңқар еліміздің атынан Әлем және Азия чемпионаттарына қатысады, - дейді БЖСМ жаттықтырушы-оқытушысы.

Жас балуанының айтулы жетістігіне барша Мағжан елі қуанып отыр. Ел чемпионына құрмет көрсету мақсатында ол 30 наурыз күні өткен Батыр Баян атындағы облыстық жарысқа арнайы шақырылды. Чемпионды зор қошеметпен қарсы алған халық оған шынайы тілпаттыр бұйды.

Аудан әкімі Қайрат Омаров ауданның жастар арасында тұңғыш рет ел чемпионатының екі дүркін жеңімпазы атанған Сұңқар Зарапты құттықтап, оған ақшалай сыйлық, ал жеке бапкері Жаксылық Аленовқа Алғыс хат табыс етті.

Өз кезегінде Жаксылық Ербатырұлы аудан басшылығына, демеушілерге, үлкен қолдау бұйырған барша мағжандықтарға шынайы алғысын білдіріп, ел сенімін ақтау үшін одан қарқынды жаттығып, жеңіс тұғырына көтерілу үшін барын салатындарын жеткізді.

Еркін ТӨЛЕГЕН.

«АДАЛ АДАМ-АДАЛ ЕҢБЕК-АДАЛ ТАБЫС»

АДАЛ АДАМ - МЕКТЕПТЕН

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Адал адам-адал еңбек-Адал табыс» атты Ұлттық құрылтайды үшінші отырысында сөйлеген сөзін тыңдай отырып, келешек ұрпақ тәрбиесінде жүргендіктен өз ойымды білдіргім келеді.

Қазақстан - еңбектеген баладан бастап, таяқ ұстаған қарияға дейін баршамыздың қара шаңырағы. Сол шаңырағымыздың өңселі ел болуы тек экономикалық жағынан ғана емес, сонымен бірге халықтың бірлігі мен татулығында, ынтымақтығында.

Сол себепті Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев айтқандай адал адамды тәрбиелеу мектептен басталары анық. Ол үшін елінің болашағын ойлар әр ұстаз алдына келген ер ұрпағының бойында ең бірінші сіңіретіні жауапкершілік, бауырмашылық, әділдік, жана-шырылық деген қасиеттер.

Қарап отырсақ әділдік, адалдық, жауапкершілік қасиеттер өте тығыз байланысқан. Озық дамыған мемлекет құру үшін бәріміз, оқуымыз, ғылымды дамытуымыз керекпіз, кәсіби біліктілігіміз жоғары болу

керек. Ол кәсіби біліктілік жоғары болу үшін бір елде ғана білім алып қоймай, шет елдердің білімдерін меңгеру керекпіз.

Мен өзімнің туыстарымды мақтан етемін. Бауырымның қызы қаладағы Назарбаев мектебін тәмамдап осы жылдан бастап экономика бағыты бойынша өз білімін Америка Құрама Штатында білімін шыңдауда, екінші бауырым Корея елінде оқуда.

Мемлекет басшысының тағы бір орында айтылған ойы, Қазақстан халқы үшін адал еңбек етіп, ал бүгіндері ел аузында жүрген азаматтардың, даналардың, батырлардың, ғалымдардың даралығын ұмытпай ұлықтау. Оған да менің қосар кішкене болсын үлесім бар дер едім. Ол адал да, әділ еңбектің арқасында асқақ рухты, бүгіндері жер жүзіне аты жайылған Мағжан Жұмабаевтың атымен аталатын ерекше белгіні тағу мен үшін, білім нәріне сусындырып жүрген ұрпақ үшін кереметте. Сөз соңында айтарым әрбір отбасы үлкенін сыйласа, әрбір ел даналарын дәріптесе, жанындағы жақсылардың



жақсылығын айта жас еркендер үшін таптырмас мол қазына, мол бар байлық, нұр үстіне нұр болар еді.

Осы ерекше еңбегімді бағалап, марапаттарға лайық деп табыс-адал, адал еңбекті бағалаған адал да әділ басшыларға, соның ішінде аудан өкімі аппаратына, ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту бөлімінің, білім бөлімінің және мектеп басшыларына айтар алғысым шексіз.

Ендеше, елімізде «Адал адам - уясына, Адал еңбек - жеріне, Адал табыс - тірегіне» жететін ұрпақтар көп болсын.

Жамила ДОСОВА,
биология пәнінің мұғалімі,
Медвежика орта мектебі.

ҚҰҚЫҚБҰЗУШЫЛЫҚҚА НӨЛДІК ТӨЗІМДІЛІК

ПРОКУРАТУРА – БИЗНЕС ҚОРҒАУЫНДА

Аудан прокуратурасының талдау өткізуінің барысында салықтық тексерулерді заңсыз жүргізуде көрініс тапқан Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің (бұдан әрі - Кодекс) талаптарын өрескел бұзушылықтар анықталды.

Мәселен, ауданның мемлекеттік кірістер басқармасының лауазымды тұлғалары кодекс талаптарын бұза отырып, кәсіпкерлерге қатысты көзделген заңды негіздерсіз 5 салықтық тексеру жүргізген.

Тексерулерді тағайындау үшін облыстың мемлекеттік кірістер департаментінің (бұдан әрі - Департамент) негізсіз тапсырмасы себеп болған.

Қадағалау органының актісі бойынша лауазымды тұлға -



аудан бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының салықтық өкімшілендіру және өндіріп

алу бөлімінің басшысы заңда белгіленген жауапкершілікке тартылды.

Нәтижесінде, қабылданған қадағалау шараларымен ауданның 5 кәсіпкерінің құқықтарын заңсыз салықтық тексерулерден қорғауға қол жеткізілді.

Аудан прокуратурасы бизнес субъектілеріне олардың құқықтары мен мүдделері бұзылған жағдайда, олар кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі мобильдік топ арқылы прокуратура қызметкерімен 2-19-71, 8-707-153-13-63 телефондары арқылы тікелей байланыса алатынын еске салады.

Мағжан Жұмабаев ауданының прокуратурасы.

ҚОЛӨНЕР

Сарқылмас қазына



«Ата көрген – оқ жонар», - деген рас-ау! Қазақтың ұлттық тұрмыстық қолөнер бұйымдарын жасау, бір жағынан насихаттау бағытындағы үзіліссіз еңбек жолыма үнісем, көз алдыма атам елестейді. Ол кісінің арқасында көнжелеп қалған қолөнермен түбегейлі айналысып, көнігі, кәсіпші маман болып қалыптастым. Атам тері илейтін, қамшы өретін, жылқының жалы мен құйрығынан арқан есетін. Әдемілеп безендірген жүген, ноқта, доға сияқты ат әбзелдеріне сұраныс көп болатын. Ешкімнің көңілін қалдырмайтын, бәріне үлгеретін. Жанында жүріп, таныс істің қыр-сырын біртіндеп игеріп алдым. Отан алдындағы азаматтық міндетімді өтеп келгеннен кейін көп ойланбастан Шүлеш қаласындағы орман шаруашылығы техникумына құжаттарымды тапсырып, студент атандым. Ағаш шебері мамандығын алып шықты. Бала кездегі арманымның орындалғанына бәрінен бұрын атам қатты қуанды.

Өткен ғасырдың 90-шы жылдарынан бері зайыбым Алқа екеуіміздің хоббиімізге айналған сүйікті ісімізді өлі күнге дейін жалғастырып келеміз. «Мақсат» қазақ этно-мәдени орталығын құрудағы ойымыз - ұлттық салт-дәстүрлерімізді жандандыру, жаңғырту, жастарға аманат ретінде қалдыру. Қолөнердің түрлері саналуан. Мен босықтың, қоянның, түлкінің, қасқырдың терісін илеймін, ағаштан түрлі бұйымдар жасаймын. Бәйбішем де керемет істер, қыз жасауын, киіз үйдің ішкі көрек-жарағын, ұлттық киімдер тігумен айналысады. Оның өнер тамған қолынан шыққан төсенішке (төр, қонақ, шөй көрпелер), ұлттық киімге (қасқыр ішкі, оюлы шапан, тымақ, бөрік, малақай, тақия), қоржынаға (құда, бесік, тойбастар қоржындар), сырмаққа (алаша, киіз алаша, бөстек) тапсырыс жиі түседі.

Қазақ - ежелден өнерді қастерлеген халық. Олай болса,

ата-бабамыздың асыл мұрасын одан әрі дамыту негізгі міндеттердің бірі болуы тиіс. Өкінішке қарай, баға жетпес қазынамыздың қадір-қасиетін жұрттың бәрі ескере бермейді. Наурыз сияқты мейрамдарда ғана еске алып жатады. Бүгінде эстетикалық талаптарға сай келетін өндіріс орындарын құру да жедел назар аударуды қажет етеді. Менің бір ойым тері илейтін шағын зауыт ашу еді. Бірақ грант, субсидия алу жеңілдіктері мен мүмкіндіктері қарастырылмағандықтан, бұл салаға екінші бірі тәуекел өте бермейді. Мәселен, инвесторлардың қолдаусыз тері илейтін шағын зауыт ашу қиынның қиыны. Теріскейде қазақ қолөнерінің өріс алмауының бір себебі - онымен шұғылданып шеберлердің заманауи жабдықталған арнайы шеберханаларының болмауы. Қанша ниет етсе де, тығырлыққа тірейтін осындай кедергілер шешімін тапса, жастардың бойында қызығушылық оянар еді.

Қазақтың сәндік қолөнерінің тәрбиелік мәні де өте зор. Тыңғылықты еңбек етуге дағдыландырады. Сонымен қатар асемдік, дизайндық сипатында да орны ерекше. Бұрынғыдан он сауағанын өнері тамған істерлер ерекше бағаланған. Өйткені олар бұйымдардың жоғары сапасына, сәніне үлкен мән берген. Заттың бетін ернектеу, оюлау үшін өртүрлі тәсілдерді қолданған. Ойыштау, бедерлеу, шеку, тісеу, құрау тәрізді өрнектер арқылы жүзеге асырған.

Ұлттық мәдениетіміздің байырғы саласы - қолөнерді бай мұра, сарқылмас қазына ретінде құндылықты тұрмыс-тіршілігімізге кіркіртрудің мезгілі жеткен секілді.

Мейрам РЫСПАЕВ,
қолөнер шебері,
«Мақсат» ұлттық-мәдени орталығының жетекшісі.

ЖОҒАРЫ ДЕНҒЕЙДЕ ӨТКЕН БАТЫР БАЯН ТУРНИРИ



Айтулы шараның салтанатты ашылуына аудан әкімі Қайрат Омаров, батырдың ұрпақтары мен аудан тұрғындары қатысып, олар айбынды Әнуранымыз орындалғаннан кейін жас балуандар сәттілік тіледі. Президент Қазақстан халқына арналған дәстүрлі Жолдауында – спортпен тұрақты түрде айналысу – ұлт денсаулығының ажырамас бөлігі екенін анық атап көрсетті. Қазақ күресінен Баян Батыр атындағы облыстық турнирдің де мақсаты осында.

Құрметті қауым, жарыс алдында сөзімді атақты жерлесімді туралы бастамақпын. Баян Қасаболатұлы 1714 жылы Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының Аралағаш ауылында дүниеге келген. Ол қазақ-жоңғар соғысында Қазақ хандығының саяси және аумақтық бірлігі үшін күрескен ержүрек батыр әрі тәжірибелі қолбасшы. Оның ұрпақтары бүгін облысымыз бен ауданымызда тұрып жатыр.

Бүгінгі дода спорттық жарыс ғана емес, ол жеңіске деген бір серпін. 2017 жылдан бері ауданда жасөспірімдер арасында қазақ күресі қарқынды дамып келеді. Жарас Қалдыров, Даниал Әміржан, Айдан Сәрсенбай сынды жас балуандар бірнеше мәрте облыс чемпионатының жүлдегерлері, облыстық турнирлердің жеңімпаздары, Астана қаласында өткен «Бала Мұқан» республикалық турнирінің жүлдегерлері болып табылады. Сондықтан ұлттық спорт түрімен айналысатын жас мағжандықтардың болашағы әлі алда деп сенемін. Бүгінгі боз кілемде бақ сынасатын жас балуандарға жеңіс пен сәттілік тілеймін, - деді Қайрат Қайроллаулы.

Сондай-ақ жарыс алдында Мағжан Жұмабаев ауданының құрметті азаматы Болат Қазанов, спорт ардагері Есләмбек

Атақты Абылай ханның сенімді серісі, қазақтың қас батыры, XVIII ғасырдағы қазақ-қалмақ соғысында ерлісімен ерекше көзге түскен батыры Баян Қасаболатұлының туғанына биыл - 310 жыл. Осыған орай Булаев қаласында Батыр Баян атындағы спорт кешенінде қазақ күресінен дәстүрге айналған ашық облыстық турнир өтіп, оған 2007-2009, 2010-2011, 2013-2014 жылы туған жасөспірімдер және кіші жасөспірімдер арасында облысымыздың туңгір-түңгірлерінен келген 130-дан астам жас балуан қатысты.

Бекмүрзин және қазақ күресінен жаттықтырушы оқытушы Амангелді Бәкіров кезек-кезек сөз алып, жастарды қазақ күресі арқылы ұлттық патриотизмге, адамгершілікке және бірлікке тәрбиелеуде мәні зор екенін атап өтті. Жарыс қонақтары мен қатысушылары алдында «Ханшайым» би тобы өнер көрсетіп, Дамир Есболлов «Қазақстаным» патриоттық әнін орындады.

Батыр Баян атамызды еске алуға арналған турнирде облысымыздың Петропавл қаласынан 2 команда, Тайынша ауданынан 2 команда, Есіл, Тимирязев, Шалақын, Қызылжар және Мағжан Жұмабаев аудандарынан жас балуандар қатысып, олар 21 салмақ дәрежесі бойынша белдесті. Соның нәтижесінде Мағжан Жұмабаев ауданының намысын қорғаған жас балуандар айтулы жетістіктерге қол жеткізді.

Мәселен, 29 кг салмақта Дүзелбай Аманғазы, 38 кг салмақта Әміржан Даниал, 46 кг салмақта Саркен Әбілмасұр, 60 кг салмақта Ташенов Диас жарыс чемпионы атанды.

Ал 35 кг салмақта Әміржан Әлішер, 42 кг салмақта Сағдеев Маулен мен Абай Жангер, 55 кг салмақта Оразбаев Абзал мен Өстемір Ернар, 55 кг салмақта Нұрмаш Мergen, 70 кг салмақта Құсмағамбетов Дамир, 75 кг салмақта Пузиков Макар күміс медальдарды өншілесе, 26 кг салмақта Өтемурастов Мирас, 35 кг салмақта Өтемурастов Ренат, 38

кг салмақта Қайыртай Диар, 42 кг салмақта Талғат Әмірхан, 46 кг салмақта Әлімжан Нұрислам мен Жүсіпов Диас, 60 кг салмақта Үкенов Қазбек пен Данияр Жоламан, 65 кг салмақта Абабаев Ерғали, 75 кг салмақта Фабдуллин Тәмерлан қола жүлдені иеленді.

Сонымен қатар, турнир қорытындысы бойынша балуандар 4 номинация бойынша марапатталды, атап айтсақ, «Батыр Қыз» - Абай Батима (Қызылжар ауданы), «Ең жас балуан» - Мусин Эльдар (М.Жұмабаев ауданы), «Ең үздік балуан» - Әміржан Әлішер (М.Жұмабаев ауданы), «Ең үздік техникасы үшін» - Мүсет Санжар (Шалақын ауданы) және «Көрермен көзайымы» - Ташенов Диас (М.Жұмабаев ауданы).

Жеңіс тұғырына көтерілген балуандарды батырдың ұрпақтары Аманжол Баймұратов, Талғат пен Қосман Самаратов, Ғалия-Бану Ыбыраева, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Оралбай Сағындықов, Мағжан Жұмабаев ауданының құрметті азаматы Болат Қазанов, спорт ардагері Есләмбек Бекмүрзин, «Аманат» партиясының аудандық филиалының төрағасы Төлеген Әбілмәжінов, аудан әкімінің орынбасары Азамат Шәріпов, облыстың қазақ күресі бойынша бас бапкері Төлеген Жетпісбаев, жарыстың бас төрешісі Бейбіт Сәдуақасов, облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасы оқыту бөлімінің басшысы Дәурен Нұрғожин марапаттады.

Марапаттау рәсімінде «Аманат» партиясының аудандық филиалының төрағасы Төлеген Әбілмәжінов сөз алып, жеңімпаздар мен жүлдегерлерді құттықтады.

Бүкіл өмірін қазақ жұртының тәуелсіздігі жолындағы күреске арнаған ержүрек ардагерлердің бірі - батыр Баян Қасаболатұлы. Ол ерекше батырлығымен, асқан тапқырлығымен Абылай ханның ерекше құрметіне бөленген. Қазақ-жоңғар шайқастарына қатысып, «Батыр Баян» атанған. Міне, биыл атақты жерлесіміздің туғанына 310 жыл толып отыр.


Осыған орай, бүгін Булаев қаласында Батыр Баян атындағы спорт кешенінде ашық облыстық турнир болып өтті. Аталмыш дода жылдағы дәстүрге сай «Аманат» партиясы аудандық филиалының қолдауымен ұйымдастырылып, жоғары деңгейде өтті.

«Аманат» партиясы үнемі жастарды патриоттық тәрбиелеуге, оларды салауатты өмір салтын ұстануға дәріндеуге және өскелең ұрпақтың өз тарихын танып білуге үлкен назар аударады. Сондықтан партия мұндай игі шаралардың ұдайы өтіп тұруына мұрындық болып, қолдау жасауды жалғастыра бермек, - деді Төлеген Әлжанұлы.

Шара соңында Батыр Баян турнирін ұйымдастырушылар жарысты өткізуге демеушілік қолдау жасап, чемпиондар мен номинация иегерлеріне ақшалай сыйақы сыйлағаны үшін батырдың ұрпақтарына, «Аманат» партиясының аудандық филиалына, «Бір қол» әлеуметтік жобасына ризашылықтарын білдіріп, алғысын айтты.

Еркін ТӨЛЕГЕН,

Суреттерді түсірген Қанат ӨТЕМУРАТОВ.



СӘУІРДІҢ 5-ІНЕН 6-НА ҚАРАҒАН ТҮНІ - ҚАСИЕТТІ ҚАДІР ТҮНІ

МЫҢ АЙДАН ДА ҚАЙЫРЛЫ ҚАДІР ТҮНІ

Аллаһ Тағала өзіне тән даналықпен белгілі бір күндер мен түндер, айларды басқа айларға қарағанда ерекше етіп қойды. Айлардың сұлтаны – рамазан болса, күндердің сұлтаны – жұма, ал түндердің сұлтаны – Қадір түні.

Ол түннің қасиеті қандай? Басқа уақыттардан артықшылығы неде?
Ол түнді қалай өткізу керек?

Қадір түні араб тілінен аударғанда **лейлотул-қадір** – қасиетті түн деген мағынаны білдіреді. Бұл түн Рамазан айының соңғы он күнінің бірінде болатыны және тақ күндерінің бірінде жасырылғаны хадистерде айтылған. Басқа түндерге қарағанда бұл түн мың айдан да хайырлы.

Ибн Рәжаб әл-Ханбали: «Әй бүкіл өмірін босқа өткізіп алған бауырым Өміріңнің босқа өткен кезеңін қадір түнімен толтыр. Расында, Қадір түні-бір ғұмырға тең», - деп айтқан.

Пайғамбарымыз қадір түн жайлы: «сол түнде жер бетіндегі періштелердің саны ұсақ тастардан да көп болады», - деп айтқан.

Бұл түні қасиетті болған құран кітабы түсті. Пайғамбарымызға Жәбіреил періште келіп екеуі құран оқыған. Сондай-ақ осы түнді мың айдан да маңыздырақ (қайырлы) етті. Ал мың ай сексен үш жылға тең келеді екен. Есептесек, мың ай дегеніміз 83 жыл 4 айлық уақыт екен. Демек, Қадір түніндегі құлшылығымыз 83 жылдық ғибадаттың сауабына тең болмақ. 95 жылдық адам өмірін алсақ, оның 15 жылы балиғат жасы болып саналады, сонда толық 80 жыл өмір сүргені. Ендеше, адам өмірінде бір қадір түні өткізгендей сауапқа кенелтеді. Және сол түні Алланың өмірімен жерге періштелер түседі. Алланың қасиетті өткен түннің берекесі таң бозарғанға дейін жалғасады. Сол үшін бұл түні тек ұйықтамай отыру дұрыс болмайды.



Осы түні не сұрасам болады, қандай дұға қылсам болады деген жандарға:

1. Байлық, рақым, жәннат, білім, ризық, амал сұрау;
2. Қу достан пана сұрау;
3. Пайғамбарға салауат жолдау;
4. Кедейліктен пана сұрау;
5. Әлсіздіктен, төмендіктен пана сұрау;
6. Екіжүзділіктен, риядан, өтіріктен, қиянаттан пана сұрау;

7. Арсыз, жаман адамның ақысынан пана сұрау;

8. Жаман көршіден, аштықтан, сатқындықтан пана сұрау;
 9. Қажетінді сұрау;
 10. Әйел фитнасынан пана сұрау;
 11. Жаман әйелден, жаман перзенттен, жаман табыстан пана сұрау.
- «Кімде-кім қадір түнін артықшылығына сеніп, Алла Тағаладан сауап күтіп,

құлшылықпен өткізсе, оның өткен күнәлары кешіріледі» (Бұхари, Мұслим).

Қасиетті кеште атқаратын амалдар:

1. Алланың ризалығы үшін намаз оқып, ғибадаттарыңды арттырыңыз;
2. Құран көбірек оқыңыз;
3. Алладан күнәңіз үшін көп кешірім сұраңыз;
4. «*Уа Аллам! Сен кешірімдісің, кешіруді сүйесің, мені кешір*»;
5. Бос сөз бен телефоннан алыс болыңыз;
6. Иманның уағыздарын тыңдап, басқа ойлардан алыс болыңыз;
7. Жақсылық жасаңыз;
8. Садақа жасаңыз;
9. Алланы көп еске алып, көп дұға тілеңіз; Жаратуша Аллаһ осы түнді таңдап, рамазан айының соңғы он күнінің ішіне жасырып қойды. Бұл түн мың айдан артық, яғни сексен үш жылға тең, берекелі түн. 83 жыл бір адамның ғұмыры. Алдыңғы рамазанда болғандар осы рамазанға жетпегені қаншама? Адамның бір ғұмырына тең келетін сауабы мол, қасиетті, берекелі түнді ұйқымен өткізіп алмайық.

Қасиетке толы болған рамазан айы мен берекелі болған қадір түні жылына бір келеді. Осы рамазан айына жетіп, ғибадат жасап жүріміз - Алланың бізге берген үлкен сыйы. Мүмкіндігінше Алладан шынайы ықыласпен қажетіңізді сұраңыз, дұға тілеңіз, қуналарыңыз үшін көп кешірім сұрасаңыз, Алла барлығын береді. Бұл түндерде тек ұйықтамау керек деген түсінік дұрыс емес. Ол түн көп ғибадат жасайтын түн. Адамның ғұмырына тең келетін түнді ұйқымен өткізіп алмайық.

**Мұхаммад АБДУЛЛА,
«Береке» аудандық орталық мешітінің бас имамы.**

10 СӘУІР - ОРАЗА АЙТ

ОРАЗА АЙТ - ҰЛЫҚ МЕРЕКЕЛЕРДІҢ БІРІ

Мұқым мұсылман әлемі отыз күн оразадан кейінгі Шәууал айының алғашқы үш күнінде Ораза айт мерекесін тойлайды. Пайғамбарымыз (Алланың Оған салауаты мен сәлемі болсын) Ораза айт мерекесін алғаш рет хижраның екінші жылы (624 жылы) атап өткен. Бізге жеткен салих дереккездерге қарағанда, Исламға дейін Мәдина халқы әрбір жылы екі күн ұлан-асыр той жасайтын болған. Мекеліктер: «Бұл қандай мереке?» - деп сұрағанда, медициналықтар: «Жаһилиет дәуірінен бері тойлап келе жатқан мерекеміз», - деп жауап беретін. Бұны естіген Хақ Елшісі (Алланың Оған салауаты мен сәлемі болсын): «Алла тағала сіздердің бұл мерекелеріңізді Фитр (ораз айт) мен Құрбан мерекесі етіп өзгертті», - деп бұйырады. Осы хадистегі «Фитр мерекесі» Ислам ғұламалары отыз күнгі оразадан кейінгі Ораза айт мерекесі деп біледі. Осылайша, Алла Елшісі (Алланың Оған салауаты мен сәлемі болсын)-ның бастамасымен ескінің сарқыншағы жаңа илаһи екі мерекемен алмастырылған болатын.

Жафар бин Мұхаммедтің жеткізуіне қарағанда, Алла Елшісі (Алланың Оған салауаты мен сәлемі болсын) Ораза айт мерекесі күндері өдемі киімдерін

киіп жүретін. Ораза айтының намазын оқымай тұрып, май мен құрма жейтін. Хасан ас-Сабит: «Екі айтта да Хақ Елшісі (Алланың Оған салауаты мен сәлемі болсын) бізге өдемі киінуді, жұпар иіс семіз, жағдайымыз мүмкіндігіне қарай семіз малды шалуды бұйыратын еді», - дейді. Осы хадиске байланысты Ислам ғұламалары мұсылмандарды Ораза айтының таң сәрсінде бой дерет алып, тістерін тазалап, мұнтаздай тазға нем өдемі киімдерін киіп жүруге үндеді. Ораза айт намазынан бұрын пітір садақа беріп, мешітке барып уағыз-насихат тыңдаудың мұстахаб (амалдардың абзалы) екенін айтады.

Ханафи мазхабының ғұламалары «Кәусар» сүресіндегі «Фасалли ли Раббикәни...» (Сондықтан айт намазын оқы) Ораза айт намазына жасалған ишара деп біледі. Осыған орай біздің мазхабымызда Ораза айтының намазын оқу үзбей (міндетті) саналады. Ал, Шафиий мен Маликилерде сүннет мұқадда (үзбейке жақын сүннет), Ханбалияда парыз кифая (ешкім қылмаса, барлығына күнә жазылады) болып табылады. Ораза айт намазы күн найза бойы көтерілгенде (көраһат уақытының шығуы, яғни күн шыққаннан

кейін қырық бес минут өткен соң) мешіттерде оқылады.

Әсілі, Ханафия мазхабын ұстанатын Орта Азия мұсылмандары Ораза айт мерекесіне бір күн бұрын дайындалады. Бұл күнді «арафа» деп атайды. Негізінен, «арафа» сөзі Құрбан айт мерекесінен бір күн бұрын мұсылмандардың Арафат тауында өткізетін дұға жасау рәсіміне байланысты пайда болған. Кейін «арафа күні» деп Ораза айт мерекесінен бір күн бұрынғы күн де атала бастады. «Арафа күні» мұсылмандар иіс шығарып, бауырсақ пісіріп, жеті шөллек таратады. Айт күніне арнап тары түйіп жентін, сүт-айранын ірітіп ірімшігін, қарында сақталған сары майы мен қазы-қарта, жал-жаясын, тәттісі мен күлшесін әзірлейді.

Ораза айт - отыз күндік оразаны аман-есен аяқтағандан кейін, бейне осыған шүкіршілік іспетті илаһи шуағы мол мереке. Ай бойы Алланың ризалығы үшін ашқұрсақ жүріп, көзді харамнан, құлақты өсек тыңдаудан, тілді ғайбат сөйлеуден тыйып, көңіл айдынын хақ дариасымен суарып, жүректі ақиқат сырларына малындырып, адамзат баласы «мумин» (Хаққа жан-тәнімен илану) мақамына көтеріледі. Осы илаһи жаңа леппен қауышуына орай,

Алла тағалаға сансыз шүкіршілік ретінде Ораза айт күні мұсылман қауымы екі рәкат намаз оқиды. Намаздан кейін «Ораза қабил болсын!», «Айт құты болсын!» деп бірін-бірі құттықтап, мәре-сәре болып жатады. Осы күн дүйім жұрт дүркіретіп той жасап, дастарқан жайып, аста-тек ас беріп, бары мен нарын хақ жолына жұмсайды. Мұхаммед (Алланың Оған салауаты мен сәлемі болсын) үмбеті Қазақ халқында айт күндері қырық немесе жетіс үйге айттап кіріп шығу керек деген дәстүр бар. Әлбетте, шариғат мұндай санды міндеттемейді. Бұл қонақжай қазақ халқының ақжарма, кең пейілдігін туындаған ізгі салт екені белгілі. Жалпы, отыз күнгі ораза мұсылмандарды тақуалыққа баулыса, айт күнгі қуаныш күйбең тіршіліктегі епне-назды ұмыттырып, мұсылмандардың бауырмалдығын күшейте түседі. Олай болса, отыз күнгі оразамен халқымыз тақуалыққа бой ұрып, тектілік тұғырына көтеріліп! Ораза айт мерекесімен ұлтымның мерей тасып, бірлігі мен тірлігі арта берсін деп тілейміз!

Мұхан ИСАХАН.

10 СӘУІРДЕН БАСТАП ШӘУУАЛ АЙЫ БАСТАЛАДЫ



ШӘУУАЛ АЙЫНДАҒЫ 6 КҮНДІК ОРАЗА

Шәууал айындағы алты күн оразаның бір жылдық сауабын осы аятпен байланыстырады. Рамазан айындағы отыз күн мен Шәууал айындағы алты күн қосылғанда, отыз алты күн болады. Бұл сан он есеге көбейтпесе, үш жүз алпыс күнді құрайды. Бір жылдық қалған бес күні ораза ұстауға болмайтын Рамазан айтының алғашқы күні мен Құрбан айттың төрт күні. Оразаның әрбір күні он есе молайса, онда отыз алты күндік ораза бір жыл ауыз бекітудің сауабы бар деген сөз.

Міне, бұл да Жаратушы Иеміздің бізге деген шексіз мейірімі. Осындай үлкен нығметтен өз үлесін алмақ ниетпен біздің сайтымызға көптеген сұрақтар келіп түседі. Осыған байланысты, Шәууал айындағы оразаға қатысты көпшіліктің көкейінде жүрген кейбір мәселелерге тоқталуды жөн көрдік.

1. Шәууал айының оразасы нәпіл ораза болып табылады. Яғни, мұны ұстау ешкіме міндет емес, адамның өз ұхтиярында. Дегенмен, мұны ұстамаған жан жоғарыда келтірген Пайғамбарымыздың хадисіндегі бір жылдық оразаның сауабынан құр қалады.
2. Шәууал айының нәпіл оразасы тек

Шәууал айында ғана ұсталады. Және оны айт күнінің екінші күнінен бастап ұстаса болады.

3. Шәууал айының нәпіл оразасын арасын үзбей қатарынан, сонымен қатар арасын үзіп бөлек-бөлек күндерде де ұстауға болады.

4. Рамазан айында түрлі себептермен кей күндерін қаза етіп алған кісілер Шәууал айында әуелі Рамазанның қазасын өтеуіне де, сонымен бірге Шәууалдың алты күндік нәпілін ұстаса да болады. Дегенмен, Рамазан оразасын толығымен ұстау Алла Тағаланың бұйрығы екенін ескерген жөн. Ал, Шәууал айында 6 күн ораза тұту Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) сүннеті болғандықтан алдымен оразаның қазасын өтеу абзал. Себебі адамның белгіленген ажалы айтпай келетіндіктен, алдымен парыз оразаның қазасын толық өтеп, нәпіл оразаны одан кейін ұстаған дұрыс. Бұған қоса жоғарыда келтірілген хадисте «Рамазан оразасынан соң Шәууал айында 6 күн ораза ұстаса» делінгені ескерсек, әуелі Рамазанның қазасын өтеудің абзалдығын ұғамыз.

5. Осы айда қаза оразасын ұстап, нәпіл ораза ұстауға уақыты жетпей қалған

адамдар үшін де Шәууал айының үдемі сауабы үміт етіледі. Бірақ бұл нәпіл оразаға уақыты жетпей қалғандар үшін. Әсілінде, әр оразаны жеке-жеке ұстау қажет. Бұл жоғарыда келтірілген бір жылдық сауаптың математикалық есебіне де сай келіп тұр.

6. Рамазан оразасын ұстамаған адамдарға да Шәууал оразасын ұстауына болады. Алайда, олар Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) сүйіншілеген бір жылдық оразаның сауабын ала алмайды. Себебі, Рамазан оразасы – парыз. Оны ұстамау – үлкен күнә.

7. Шәууал оразасы да Рамазан оразасы секілді «тан» намазынан (Тан намазына 10 минут қалғанда ауыз бекітіледі) басталып, «шам» намазына дейін жалғасады.

8. Шәууал айының алты күндік оразасын әр аптада екі күнге бөліп, әсіресе, аптаның дүйсенбі және бейсенбі күндері ұстау, нұр үстіне нұр. Себебі, Пайғамбарымыз (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын): «Дүйсенбі күні мен бейсенбі күні (апталық) істеген істер Аллаға ұсынылады. Менің істерім Аллаға көтеріледі аузымның берік болғанын ұнатамын» деді (Тирмизи).

Рамазандан кейін Шәууал айында алты күн ораза тұтудың жыл бойы ауыз бекіткенге теңестірілуі – Алла Тағаланың мейірімін шексіз екенінің бір көрінісі. Яғни, Хақ Тағала Өзіне тең рәхыммен құлдың жасаған ғибадатына бірнеше есе артық сауап жазып, ақыретімізді құтқаруға илаһи мол мүмкіндік тудырады.

Алла Тағала ниеттерімізді қабыл еткелі!



Дүйсенбі, 8 сәуір	Сейсенбі, 9 сәуір	Сәрсенбі, 10 сәуір	Бейсенбі, 11 сәуір	Жума, 12 сәуір	Сенбі, 13 сәуір	Жексенбі, 14 сәуір
QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN
06.00 ӘНҰРАН. 06.05, 03.40 Д.Ф. 06.30 КҮЙ-КЕРУЕН. 07.00 ТАՆSHOLPAN. 10.00, 13.00, 15.00, 20.00, 00.10 АҚПАРАТ. 10.10, 18.00 Т/Х «КҰРСАУДАҒЫ ҚЫЗ». 12.20, 13.10, 21.25 Т/Х «ЖАТ БАУЫР-2». 13.30, 03.25 ӨМІР КӨРКЕМ. 14.35 ДАЛА ДӨМІ. 14.50 АҚОРДА. 15.15 АПТА. 16.05 Т/Х «ҚУДАША ҚЫЗ». 20.30, 00.40 АШҰҚ АЛАҢ. 22.15 Т/Х «БАУЫРЛАР». 23.10 1001 ТҮН. 01.35 САНА.	06.00 ӘНҰРАН. 06.05 Д.Ф. 06.30, 10.00, 13.00, 15.00, 20.00, 01.55 АҚПАРАТ. 07.00 ТАՆSHOLPAN. 10.10, 18.00 Т/Х «КҰРСАУДАҒЫ ҚЫЗ». 12.20, 13.10, 21.25 Т/Х «ЖАТ БАУЫР-2». 13.30, 03.20 ӨМІР КӨРКЕМ. 14.30 Д.Ф. 15.15 ТЕХНОКРАТТАР ТАЛҚЫСЫ. 16.05, 17.15 Т/Х «ҚУДАША ҚЫЗ». 20.30, 02.25 АШҰҚ АЛАҢ. 22.15 Т/Х «БАУЫРЛАР». 23.10 «1001 ТҮН». 23.50 ФУТБОЛ.	06.00 ӘНҰРАН. 06.05 Д.Ф. 06.30, 10.00, 13.00, 15.00, 17.00, 20.00, 01.55 АҚПАРАТ. 07.00 ТАՆSHOLPAN. 10.10, 18.00 Т/Х «КҰРСАУДАҒЫ ҚЫЗ». 12.20, 13.10, 21.25 Т/Х «ЖАТ БАУЫР-2». 13.30, 03.20 ӨМІР КӨРКЕМ. 14.30 Д.Ф. 15.15 ТЕХНОКРАТТАР ТАЛҚЫСЫ. 16.05, 17.15 Т/Х «ҚУДАША ҚЫЗ». 20.30, 02.25 АШҰҚ АЛАҢ. 22.15 Т/Х «БАУЫРЛАР». 23.10 «1001 ТҮН». 23.50 ФУТБОЛ.	06.00 ӘНҰРАН. 06.05 ЖӘДІГЕР. 06.30, 13.15, 15.00, 17.00, 20.00, 00.35 АҚПАРАТ. 07.00 ТАՆSHOLPAN. 10.00 ЕРКІН КҮРЕС. АЗИЯ ЧЕМПИОНАТЫ. ІРКТЕУ ТУРНИРЫ. 12.30 ЖАРТЫЛАЙ ФИНАЛ. 13.30 ЖҰБАНЫШ БЕЛДЕСУ. 14.00, 03.10 ӨМІР КӨРКЕМ. 15.15 ҒЫЛЫМ АДАМЫ. 15.25, 17.15 Т/Х «ЖАНЫШ. ҚАЗЫНА». 20.30, 01.05 АШЫҚ АЛАҢ. 21.25 Т/Х «ЖАТ БАУЫР-2». 22.15 Т/Х «БАУЫРЛАР». 23.10 ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ. 00.00 PARASAT MAIDANY. 02.00 САНА.	06.00 ӘНҰРАН. 06.05 «ДАЛА ӨРКЕНИЕТ», Д.Ф. 06.30, 17.00 АҚПАРАТ. 07.00, 03.20 КҮЙ-КЕРУЕН. 07.30, 02.25 ШАҢЫРАҚ. 08.00 «САҒЫНДЫҒАН ӨНДЕР-АЙ». 08.30, 18.00 Т/Х «КҰРСАУДАҒЫ ҚЫЗ». 10.30 ӨЙЕЛДЕР КҮРЕСІ. АЗИЯ ЧЕМПИОНАТЫ. ІРКТЕУ ТУРНИРЫ. 12.30 ЖАРТЫЛАЙ ФИНАЛ. 13.15, 17.35 ҚОҢЛІ ТОЛҚЫНЫ. 13.30 ЖҰБАНЫШ БЕЛДЕСУ. 14.00 Т. МУХАМЕДЖАНОВТЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ КЕШІ. 15.40 М.Ф. «ШРЕК 3». 17.20, 00.35 ОЛЕМ ЖӨНЕ БІЗ. 20.00 «ЕГІЗ ЛЕБІЗ». 21.50 Т/Х «БАУЫРЛАР». 22.45 ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ. 00.50 ТЕЛЕДӨРІГЕР. 01.40 БРЕГЕЙ.	06.00 ӘНҰРАН. 06.05, 04.45 «ДАЛА ӨРКЕНИЕТ», Д.Ф. 06.30 ШАҢЫРАҚ. 07.05, 03.25 КҮМІС КӨМЕЙ. 07.50, 04.05 «ДӘУІР ДАНАЛАРЫ», Д.Ф. 08.40 ҚОҢЛІ ТОЛҚЫНЫ. 10.00, 18.00 Т/Х «КҰРСАУДАҒЫ ҚЫЗ». 12.00 «ЕГІЗ ЛЕБІЗ». 14.00 М.Ф. «ШРЕК 3». 15.20, 21.00 КОНЦЕРТ. 17.10 ТЕХНОКРАТТАР ТАЛҚЫСЫ. 20.00, 02.25 АПТА. 20.50, 03.15 АҚОРДА. 22.15 Т/Х «БАУЫРЛАР». 23.10 ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ. 00.10 QAZAQSTAN DAUMASY.	

Дүйсенбі, 8 сәуір	Сейсенбі, 9 сәуір	Сәрсенбі, 10 сәуір	Бейсенбі, 11 сәуір	Жума, 12 сәуір	Сенбі, 13 сәуір	Жексенбі, 14 сәуір
-------------------	-------------------	--------------------	--------------------	----------------	-----------------	--------------------

ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР
05.00 «ЭКЗАМЕН ДЛЯ ДВОИХ», Х/Ф. 07.00 ОЯН. 10.00 БІЗДІң НАЗАРДА.. 10.25 М.Ф. 11.45 М.Ф. «ТУРБО-ЗАВРЫ». 12.00, 20.00 Т/Х «ТАҒДЫРҒА СЕН-2». 14.00 Т/Х «ҚАРЛЫҒАШ ҮЯ САЛҒАНДА». 15.00, 21.45 Т/Х «ӨПКЕ». 16.00, 23.30 Т/Х «БЕГЛЯНКА». 18.00 НОВОСТИ. 18.25 ИТОГИ. 19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.25 ТАЛҚЫ. 22.30 ХАБАРЛІКЕ. 01.00 КР ӘНҰРАНЫ.	05.00 Т/Х «ШАШУ». 07.00 ОЯН. 10.00 НАРОДНЫЙ КОНТРОЛЬ. 10.25 М.Ф. 11.40 М.Ф. «ТУРБОЗАВРЫ». 12.00, 20.00 Т/Х «ТАҒДЫРҒА СЕН-2». 14.00 Т/Х «ҚАРЛЫҒАШ ҮЯ САЛҒАНДА». 15.00 Т/Х «ӨПКЕ». 16.00, 23.30 Т/Х «БЕГЛЯНКА-2». 18.00 НОВОСТИ. 18.25 ИТОГИ. 19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.25 ТАЛҚЫ. 21.45 Т/Х «КҮЗГІ АСПАН». 22.30 ХАБАРЛІКЕ. 01.00 КР ӘНҰРАНЫ.	05.00 Т/Х «ШАШУ». 07.00 ОЯН. 10.00 НЕОСЕТЬ. 10.20 М.Ф. 12.00, 20.00 Т/Х «ТАҒДЫРҒА СЕН-2». 14.00 Т/Х «ҚАРЛЫҒАШ ҮЯ САЛҒАНДА». 15.00, 21.45 Т/Х «КҮЗГІ АСПАН». 16.00, 23.30 Т/Х «БЕГЛЯНКА-2». 18.00 НОВОСТИ. 18.25 ИТОГИ. 19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.25 ТАЛҚЫ. 22.30 ХАБАРЛІКЕ. 01.00 КР ӘНҰРАНЫ.	05.00 Т/Х «ШАШУ». 07.00 ОЯН. 10.00 КУЛЬТУРНЫЙ КОНТЕКСТ. 10.35 М.Ф. 12.00, 20.00 Т/Х «ТАҒДЫРҒА СЕН-2». 14.00 Т/Х «ҚАРЛЫҒАШ ҮЯ САЛҒАНДА». 15.00, 21.45 Т/Х «КҮЗГІ АСПАН». 16.00, 23.30 Т/Х «БЕЗ КОЛЕБАНИЙ». 18.00 НОВОСТИ. 18.25 ИТОГИ. 19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.25 ТАЛҚЫ. 22.30 ХАБАРЛІКЕ. 01.00 КР ӘНҰРАНЫ.	05.00 Т/Х «ШАШУ». 07.00 ОЯН. 10.00 КУЛЬТУРНЫЙ ОТДЫХ. 10.20 Д.Ф. 10.50 М.Ф. 12.00, 20.00 Т/Х «ТАҒДЫРҒА СЕН-2». 14.00 Т/Х «ҚАРЛЫҒАШ ҮЯ САЛҒАНДА». 15.00 Т/Х «КҮЗГІ АСПАН». 16.00 Т/Х «БЕЗ КОЛЕБАНИЙ». 18.00 НОВОСТИ. 18.25 ИТОГИ. 19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.25 ТАЛҚЫ. 22.30 «АНГЕЛ МОЙ», Х/Ф. 00.30 ӘСЕМ ӨНДЕР. 01.00 КР ӘНҰРАНЫ.	05.00 АСЫЛ ҚАЗЫНА. 07.00 КОНЦЕРТ. 08.30 ПРЕЗИДЕНТСКИЙ РЕЗЕРВ. 09.00 Д.Ф. 09.30 ҰЛЫ ДАЛА ОЙЫНДАРЫ. 10.00 «АНГЕЛ МОЙ», Х/Ф. 12.00 М.Ф. 13.10 М.Ф. «ТУРБОЗАВРЫ». 14.00 ХХІ ҒАСЫР ҚОШБАСШЫСЫ. 15.00 АЛҒАШҚЫ. 16.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН-5». 17.45 ҚЫЗЫК TIMES. 19.00 БЕС ЖҰЛДЫЗ. 21.00 7 КҮН. 21.40 НАЦИОНАЛЬНЫЙ ИНТЕРЕС. 22.40 «ШЕФ», Х/Ф. 00.40 ӘСЕМ ӨНДЕР.	05.00 АСЫЛ ҚАЗЫНА. 07.00 КӘСПІКӨЙ БОКС. 10.30 COVER SHOW. 11.00 ПРЕЗИДЕНТСКИЙ РЕЗЕРВ. 11.30 Д.Ф. 12.00 М.Ф. 13.10 М.Ф. «ТУРБОЗАВРЫ». 14.00 АЛҒАШҚЫ. 15.15 БЕС ЖҰЛДЫЗ. 17.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН-5». 19.30 ҚЫЗЫК TIMES. 21.00 7 КҮН. 21.40 ОТДЕЛ ЖУРНАЛИСТСКИХ РАССЛЕДОВАНИЙ. 22.10 «ПОКОРИТЕЛИ ВОЛЬ», Х/Ф. 00.10 ӘКЕ БАҚЫТЫ. 01.00 КР ӘНҰРАНЫ.

Дүйсенбі, 8 сәуір	Сейсенбі, 9 сәуір	Сәрсенбі, 10 сәуір	Бейсенбі, 11 сәуір	Жума, 12 сәуір	Сенбі, 13 сәуір	Жексенбі, 14 сәуір
-------------------	-------------------	--------------------	--------------------	----------------	-----------------	--------------------

ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ
06.00 ТОЙ БАЗАР. 07.00, 03.55 «П@УТИНА». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, ҚАЗАҚСТАН! 10.15 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 11.05 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.55 Т/С «НАВАЖ-ДЕННЕ». 14.00, 02.15 НОВОСТИ. 14.15, 02.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.25 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 02.45 KÖREMİZ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «ЛИХАЧ-2». 00.25 Т/С «ТАКСИ ПОД ПРИКРЫТИЕМ». 01.25 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00 ТОЙ БАЗАР. 07.00, 03.55 «П@УТИНА». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, ҚАЗАҚСТАН! 10.15 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 11.05 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.55 Т/С «ЗАБУДЬ И ВСПОМНИ». 14.00, 02.15 НОВОСТИ. 14.15, 02.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.25 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 02.45 KÖREMİZ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 00.25 Т/С «ТАКСИ ПОД ПРИКРЫТИЕМ». 01.25 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00 ТОЙ БАЗАР. 07.00, 03.55 «П@УТИНА». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, ҚАЗАҚСТАН! 10.15 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 11.05 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.55 Т/С «ЗАБУДЬ И ВСПОМНИ». 14.00, 02.15 НОВОСТИ. 14.15, 02.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.25 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 02.45 KÖREMİZ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «ЛИХАЧ-2». 01.25 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00 ТОЙ БАЗАР. 07.00, 03.55 «П@УТИНА». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, ҚАЗАҚСТАН! 10.15 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 11.05 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.55 Т/С «ЗАБУДЬ И ВСПОМНИ». 14.00, 02.15 НОВОСТИ. 14.15, 02.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.25 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 02.45 KÖREMİZ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «ЛИХАЧ-2». 01.25 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00, 04.05 ТОЙ БАЗАР. 07.00, 03.20 «П@УТИНА». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, ҚАЗАҚСТАН! 10.15 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 11.05 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.55 Т/С «ЗАБУДЬ И ВСПОМНИ». 14.00, 01.35 НОВОСТИ. 14.15, 01.50 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 02.50 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 02.05 KÖREMİZ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 ПАРЛАМЕНТ ONLINE. 20.50 ПОЛЕ ЧУДЕС. 22.00 Т/С «ПРЕСТУПЛЕНИЕ В ФОКУСЕ».	06.00, 03.45 ТОЙ БАЗАР. 07.35, 03.00 «П@УТИНА». 08.30 ЛУЧШЕ ВСЕХ! 10.15 «ЛЕТНИЙ СНЕГ», Х/Ф. 14.30 «КАФЕ НА САДОВОДЫ», Х/Ф. 18.30, 02.35 АЙНА. 19.00 «ВЕТЕР ПЕРЕМЕНИ», Х/Ф. 20.45 «ПРОШЛОМУ МЕНЯ НЕ СЛОМИТЬ», Х/Ф. 20.45 «ПРОШЛОМУ МЕНЯ НЕ СЛОМИТЬ», Х/Ф. 00.20 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00, 02.15 ТОЙ БАЗАР. 07.45, 01.30 «П@УТИНА». 08.45 ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ. 09.00 ПРОУЮТ. 10.00, 01.35 ҚАЙМАҚ. 10.35 «ПРОШЛОМУ МЕНЯ НЕ СЛОМИТЬ», Х/Ф. 14.30 «ЗАМКНУТЫЙ КРУГ», Х/Ф. 18.10 «ЛОБИМАЯ ДОЧЬ ПАПЫ КАРЛО», Х/Ф. 20.00 АНАЛИТИКА. 20.45 «ПЛАТЬЕ ИЗ МАРГАРИТОК», Х/Ф. 00.20 ЧТО? ГДЕ? КОГДА?

Адамның көңілі шын мейірленсе, білім-ғылымның өзі де адамға мейірленіп, тез қолға түседі. Шала мейір шала байқалады.
Абай ҚҰНАНБАЕВ.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

ХІІ «СЕНІМ» БАЙҚАУЫНА ҚАТЫСЫҢЫЗДАР!



Байқауға өтінімдер қабылдау – 2024 жылғы 30 сәуірге дейін. Байқауға қатысу ақысыз негізде жүргізіледі.

Жеңімпаздарды марапаттау 2024 жылғы 29–31 мамырда Астана қаласында өтеді.

Байқау үш номинация бойынша өткізіледі:

1. «Еңбекті қорғаудың үздік қызметі» (I, II, III орындар).

Еңбек жағдайларын ішкі бақылауды қамтамасыз ету, жұмыс орындарында еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі белгіленген талаптарды сақтау және анықталған бұзушылықтарды жою жөнінде дереу шаралар қабылдағанды қатысты еңбекті қорғау қызметінің жұмысы.

2. «Еңбекті қорғау жөніндегі үздік инженер» (I, II, III орындар).

Еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында кәсіпорында өндірістік жарақаттанудың алдын алу жөніндегі инновациялық іс-шараларды және жұмыс орындарында өндірістік, техникалық және еңбек процестерін жақсарту жөніндегі жобаларды іске асыратын ұйымның құрылымдық бөлімшелерінде еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстарды жүзеге асыратын еңбекті қорғау жөніндегі инженердің қызметі.

3. «Еңбекті қорғау жөніндегі үздік техникалық инспектор» (I, II, III орындар).

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді жұмыс берушінің сақтауын қоғамдық бақылау арқылы жұмыс берушінің алдында жұмыскерлердің еңбекті қорғауға құқықтарын қорғауды жүзеге асыратын еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспектордың қызметі.

БІЛУ, ҚОЛДАНУ, ЖЕҢУ!

Байқауға не үшін қатысу қажет?

«СЕНІМ» – Қазақстандағы еңбекті қорғау саласындағы кәсіпқой мамандарға арналған жалғыз байқау. Байқауға қатысу дегеніміз – бұл іскерлік мәртебені растаудағы тәжірибелік қадамдар, қызметкерлер мен клиенттер алдындағы біліктілік пен әлеуметтік жауапкершілікті көрсету.

Байқау жеңімпаздары туралы ақпарат байқауды ұйымдастырушылардың интернет-ресурстарында және «Қазақстанда еңбекті қорғау» кәсіптік баспа түріндегі электрондық журналында жарияланады.

Байқауға қатысу пайдалы байланыстар орнатуға мүмкіндік береді.

Бұл сіздің кәсіпорыныңыздың еңбекті қорғау бойынша мамандары жұмысының тиімділігін көрсетудің бірегей мүмкіндігі.

Байқау барлық меншік нысанындағы ұйымдар мен жеке кәсіпкерлер арасында кәсіпорын қызметкерлерінің өндірістік жарақаттануы мен кәсіптік ауруға шалдығуының алдын алудың тиімділігін арттыру, сондай-ақ қызметкерлердің қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау үшін жұмыс берушілерді ынталандыру мақсатында өткізіледі.

Қалай байқауға қатысушы болуға болады?

1. 2023 немесе 2024 жылдары «Қазақстанда еңбекті қорғау» журналына жазылуды (өлі жазылмағандар үшін) ресімдеу не болмаса «ACTUALIS: Еңбекті қорғау» электрондық жүйелеріне жалғызым алу.

2. Толтырылған сауалнама-өтінімді ұсыну, номинацияны, үміткердің тегін, атын және әкесінің атын (бар болса) көрсету. Әр номинация үшін жеке сауалнама-өтінім ұсынылады. «Еңбекті қорғаудың үздік инженері» және «Еңбекті қорғаудың үздік техникалық инспекторы» номинациялары үшін ұйым ұсынатын үміткерге міндетті түрде міндеттеме ұсынылуы тиіс. Міндеттемеде қызметкердің жетістіктері, оның өз жұмысында қандай әдістер мен технологияларды пайдаланатынын, оның еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау бойынша қандай шаралар қолданатынын, өз білімі мен дағдыларын қалай жетілдіретінін және т. с. с. көрсету қажет.

3. Байқауға қатысу үшін нақты кәсіпорындағы еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау саласына қатысты материалдар мен мәліметтер дайындау (нұсқаулықтар, жергілікті құжаттар, Word пішіміндегі ережелер, фотосуреттер, таныстырылымдар).

4. Ұйымдарда жарақат алу қаупін қалай азайтады? тақырыбы бойынша еңбек қорғау және қауіпсіздік саласында қолданылатын әдістер мен технологиялардың үлгісін келтіріп мақала жазады (3–5 бет, пішімі: А

4, қарпін: Times New Roman 12).

5. Сондай-ақ қосымша ұпайлар алуға болады:

1) Таңдауыңыз бойынша байқау жұмысын: «Кәсіпорынның экологиялық қауіпсіздігі» тақырыбына материал дайындау;

2) «Менің ұйымында қошаған ортаны және денсаулықты қорғау» тақырыбында фоторепортаж жасау;

3) «Шағын проза» тақырыбына материал («Еңбекті қорғау жөніндегі инженердің өмірінен бір күн» эссесі, «Бір күні...» әңгімесі, еңбек ардагері туралы очерк) жазу.

Үздік мақалалар мен фотосуреттер 2024 жылы «Қазақстанда еңбекті қорғау» журналында жарияланатын болады.

Қатысушы материалдарына қойылатын талаптар:

1. Қатысушы 2024 жылдың 30 сәуіріне дейін ресімделген және қатысушы кәсіпорынның басшысы мен жауапты орындаушы қол қойған, еңбекті қорғау бойынша орындалған іс-шаралар туралы практикалық материалдарды (әр номинация бойынша жеке) байқау комиссиясына ұсынуы қажет.

2. Практикалық материалдар келесі сипаттама болуы мүмкін:

– еңбекті қорғауды басқару жүйесін енгізу бойынша орындалған жұмыстар; – жаңа қауіпсіз технологиялар; – жабықтың жаңарту және жаңғырту үдерісі;

– өндірістігі қауіпті әрі зиянды факторларды азайту жұмыстарын ұйымдастыру; – жұмыскерлерді жазатайым оқиғалардан әлеуметтік және міндетті сақтандыру жұмыстарын ұйымдастыру.

Материалдар қағаз және электрондық тасығыштарда қабылданады.

Материалдарды кәсіпорын деректемелерін, орындаушының тегін, атын, әкесінің атын (бар болса) көрсете отырып, номинациялар бойынша жеке папкаға тігу керек.

3. Мақала («Қазақстанда еңбекті қорғау» журналында бұрын жарияланбаған) келесі айдарлардың біріне сәйкес келуі мүмкін:

– Еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету; – Жұмыс орындарын аттестаттау; – Жасыл экономика; – Өнеркәсіптік қауіпсіздік; – Денсаулықты және қоршаған ортаны қорғау;

– Еңбекті қорғау бойынша жұмысты ұйымдастыру; – Жазатайым оқиғаларды тергеп-тексеру және есепке алу;

– Қауіпсіздікті техникалық реттеу; – Еңбекті қорғау жүйесіндегі оқыту; – Еңбекті қорғауды басқару; – Өрт қауіпсіздігі; – Әлеуметтік әріптестік.

ҚОШ БОЛ, АТПАЛ АЗАМАТ!



2024 жылдың 2 сәуірінде 89 жасына қараған шағында еңбек ардагері **Ғазез Исаулы Құсайынов** дүниеден өтті.

Ғазез Исаулы 1935 жылы 20 қазанда Солтүстік Қазақстан облысы Булаев ауданы Құралай ауылында дүниеге келген. 1962 жылы Омбы мемлекеттік институты «Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша үздік бітірген.

Еңбек жолын Конихов орта мектебінде география және дене шынықтыру пәндерінің мұғалімі болып бастаған, ал 1965 жылы Лебязь орта мектебінде мұғалім болып жұмыс істеген. 1970 жылы Солтүстік Қазақстан облысы Соколов ауданының аудандық атқару комитетіне партиялық жұмысқа ұсынылады. 1973 жылы Ғазез Исаулы Жоғары партия мектебін оқуға түседі. 1975 жылы Петропавл қалалық партия комитетінде үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі, 1980 жылдары аудандық комитеттің хатшысы, Булаев аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары болып қызмет еткен. Бұдан әрі ол еңбек жолын Булаев ауданы Мелдвекжа ауылындағы мамандандырылған мектеп-интернаттың директоры лауазымында жалғастырған.

Ғ.И. Құсайынов 1996 жылы құрмет демалысына шығады. Зейнеткерлікке шыққаннан кейін Ғазез Исаулы белсенді қоғамдық жұмыс жүргізді және онымен жұмыс істеуге және араласуға мүмкіндік алған барлық адамдардың құрметіне ие болды.

Көп жылғы адал еңбегі үшін Алғыс хаттармен, Құрмет грамоталарымен және мерейтойлық медальдармен марапатталған.

Ғазиз Исаулының жарқын бейнесі біздің жадымызда ұзақ сақталады. Біз оның туыстары мен жақындарының қайғыларына ортақтасып, шын жүректен көңіл айтамыз.

А.Қ. Омаров, О.Ш. Сағындықов, А.Н. Рахметова, Т.Ә. Әбілмәжинов, А.С. Шеріпов, Д.М. Тоқужинов, Д.С. Тасмағанбетов, А.С. Қазисов, А.Ж. Қыраубаев, С.С. Заев, Ю.А. Портнягин және басқалары.

КӨШІ-ҚОН ҚЫЗМЕТІ ХАБАРЛАЙДЫ!

АУДАН ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!



Жеке басын куәландыратын құжаттары жоқ адамдарға немесе 1974 жылғы үлгідегі КСРО паспорттарын уақтылы алмастырмаған адамдарға Қазақстан Республикасы азаматының немесе азаматтығы жоқ адамның құжаттарымен әрі қарай құжаттандыру үшін оларға **М.Жұмабаев ауданы ПБ көші-қон қызметі тобымен, немесе уақшәлік полиция инспекторымен, немесе 8-715-31-2-00-35 телефоны арқылы әрі қарай құжаттандыру үшін байланысулары қажет.**

Құжатсыз адамдар, бұл бөлімне ТМД елдерінің бірінің жәрмеңесі паспортты бар адамдар, сондай-ақ олардың кейбіреулері бұрынғы КСРО паспорттарының иелері болып табылады. Жеке басын куәландыратын құжаттардың болмауына байланысты бұл санаттағы азаматтар жәрдемақы алу құқығынан айырылады, мемлекеттік қызметтер алулары шектеледі.

Сонымен бірге «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» Қазақстан Республикасы Заңындағы 3 бабының іс-әрекетіне жатпайтын адамдар санаты бар, соған байланысты Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігімен құжаттандыру мүмкін емес. Осыған байланысты ішкі

істер министрлігінің бастамасымен «Ішкі істер органдары туралы» Заңға ішкі істер органдарына анықтау құзыретін бере отырып, азаматтығы жоқ адамның мәртебесін анықтау бойынша құзыреттер берілген.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын және олардың басқа мемлекеттің азаматына кіретіндігі туралы дәлелдері жоқ адамдардың құқықтық мәртебесін анықтау ережелері әзірленді және бекітілді.

Максим СМОЛЕКОВ, Мағжан Жұмабаев ауданы ПБ ҚКҚТ аға инспекторы полиция аға лейтенанты.

2024 ЖЫЛДЫҢ 2-ШІ ТОҚСАНЫНДА АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мағжан Жұмабаев ауданы Қарақоға ауылдық округінің әкімі - Мұқашев Жанболат Хазезұлы апта сайын сәрсенбі, бейсенбі күндері сағат 09.00-ден 12.00-ге дейін қабылдайды. Мекен жайы: Қарақоға селосы, тел 2-44-49.

Мағжан Жұмабаев ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы - Ысқақова Бақытжан Нұрмұқанқызы апта сайын дүйсенбі, сәрсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма күндері қабылдайды. Бөлім басшысының орынбасары Елена Анатольевна Умовист апта сайын дүйсенбі, сәрсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма күндері қабылдайды. Азаматтарды қабылдау сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін (үзіліс уақыты сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін) мына мекен жайда жүргізіледі: Булаев қаласы, Мир көшесі, 8А үй, 1 және 16 кабинет (1 қабат), тел 2-81-46.

Мағжан Жұмабаев ауданы ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы - Нұржайдарова

Сәуле Еркінқызы әр бейсенбі күні сағат 10.00-ден 12.00-ге дейін қабылдайды. Мекен жайы: Булаев қаласы, Юбилейная көшесі, 56, 2-20-90.

Мағжан Жұмабаев ауданы Ұзынқол ауылдық округінің әкімі - Қасенов Жаслан Серікұлы және заңды тұлғалардың өкілдерін апта сайын сәрсенбі, бейсенбі күндері сағат 10.00-ден 13.00-ге дейін қабылдайды. Мекен жайы: Ұзынқол ауылы, тел 5-26-16.

Мағжан Жұмабаев ауданы Аққайың ауылдық округінің әкімі - Есжанов Мақсат Қайратұлы сәрсенбі, жұма күндері сағат 9.00-ден 13.00-ге дейін қабылдайды. Мекен жайы: Октябрьское ауылы, тел 2-63-36.

Мағжан Жұмабаев ауданы Алтын дән ауылдық округінің әкімі - Форш Валерий Яковлевич апта сайын сәрсенбі, жұма күндері сағат 10.00-ден 12.00-ге дейін қабылдайды. Мекен жайы: Советское ауылы, тел 3-66-12.

СЕНІМ ТЕЛЕФОНДАРЫ

Жеке және заңды тұлғалардың заңды құқықтары мен мүдделерін қорғау, сонымен қатар аудандық атқарушы органдарының атқарушы тарапынан Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексінен сақтамау жағдайлары мен лауазымдық және сыйбалас жеңорлыққа қарсы құқық бұзушылығын анықтау мақсатында мына сенім телефоны бойынша ақпараттандыру қажет:

«Мағжан Жұмабаев ауданы Қарақоға ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ - 8(71531) 2-44-49.

«Мағжан Жұмабаев ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» КММ - 8(71531) 2-81-49.

«Мағжан Жұмабаев ауданының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» КММ - 8(71531) 2-20-90.

«Мағжан Жұмабаев ауданы Ұзынқол ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ - 8(71531) 5-26-16.

«Мағжан Жұмабаев ауданы Аққайың ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ - 2-63-36.

«Мағжан Жұмабаев ауданы Алтын дән ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ - 8(71531) 3-66-12.

Table with 4 columns: Director, Contact info, Newspaper office, and Magazine office.

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2018 жылы 11 желтоқсанда есепке алынған, №17395-Г күшінен алған. Жарнаманың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Редакция жолданған қолжазбалар, хаттар «Мағжан жұлдызы» газетінің мәтініне айналады, рецензияланбайды, қайтарылмайды. Газетті жеткізін беру мәселелері жөнінде 2-17-80 телефоны бойынша аудандық пошта торабына хабарласуға болады.